



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№64
(19547)
3 мамыр,
бейсенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

МӘЖІЛІС

ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН КЕЛЕДІ



**Кеше облыс әкімі
Қырымбек Көшербаевтың
төрағалық етуімен облыстық
әкімдіктің кезекті аппарат
мәжілісі өтті. Алдымен аймақ
басшысы бірқатар кадрлық
өзгерістерге байланысты
хабардар етті.**

Облысәкімінің келісімібойынша ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының өкіміне сай бұған дейін облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметін атқарып келген Серік Сермағанбетов «Қызылорда облыстық кәсіподақтар

орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы лауазымына тағайындалды. Облыс әкімі Сермағанбетовтің қызмет жолында өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келе жатқанын атап өтті. Жұмылдыру дайындығы басқармасындағы жүргізген жұмыстары үшін алғысын білдірді. Қазіргі уақытта еңбек ұжымдарының заңды құқығы мен мүддесін сақтау, жұмыс орындары мен еңбекақыны қысқартуға жол бермеу жөнінде маңызды мәселелер бар. Сондықтан, С.Сермағанбетов өзінің жинақтаған тәжірибесі арқылы кәсіподақтар

жұмысына тың серпін әкелетінін айтып, сада басшыларын оған қолдау білдіруге шақырды.

Облыс әкімінің өкімімен Асылбек Шәменов облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметіне тағайындалды. Қаладағы болып жатқан жақсы жаңалықтардың басы-қасында жүріп үлкен тәжірибе жинақтағандықтан, ол кезекті жауапты қызметке тағайындалып отыр. Сол секілді, Қызылорда қаласы әкімдігінің аппараты басшысы қызметін атқарып келген Еркін Тұрабаев облыс әкімдігі аппараты

басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды. Аймақ басшысы жана қызметке кірісіп отырған азаматтарға сәттілік тіледі.

Мәжілістің күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – Ұлттық цифрлық телехабарларды таратуды ілгерілету туралы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айдын Қайруллаев хабарлама жасады.

Қазіргі таңда республика көлемінде эфирді ұлттық цифрлық телехабар таратуға ауыстыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Осылайша отандық телеарналарды ақысыз цифрлық сапада тамашалау мүмкіндігі берілуде. Нақтырақайтқанда, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жоспарына сәйкес, екінші кезеңде Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Алматы облыстарын 2019 жылдың 1 шілдесіне дейін цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға қоюға көзделуде. «Қазтелерадио» АҚ ақпараттына сәйкес облыста 114 205 абонент ұлттық цифрлық телехабар тарату қызметіне қосылған және бұл облыс тұрғындарының 84 %-ін құрап отыр. Облыс көлемінде жүргізілген талдамалық көрсеткіштер бойынша Байқоңыр қаласында ұлттық цифрлық телехабар тарату қызметіне қосылған тұрғындар саны – 27 %, яғни, қала, аудандар бойынша ең төменгі көрсеткіш.

Басқарма басшысы өз хабарламасында жана тұрғын үйлерге ұлттық цифрлық телехабар тарату жүйесінің ұжымдық қабылдау құрылғысын орналастыру талаптары да толық орындалмай жатқанын келтіріп өтті. Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің «Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек аулшылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде

Қызылорда қаласының әкімдігі 2017 жылы жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, атаулы әлеуметтік көмек алатын 75 тұрғынға «Отау ТВ» құрылғысын орнатса, басқа аудан әкімдіктері бұл мақсатта мүлдем қаржы қарастырмағаны айтылды.

Облыс басшысы бұл әлеуметтік-экономикалық емес, саяси мәселе екеніне назар аударды. Біз ішкі саясатымызды дербес жүргізетін мемлекеттіз, өзіміздің құндылықтар, өзіміздің ішкі саясатымыз бар. Сол себепті ұлттық цифрлық телехабарлармен толық қамтылуы тиіс. Бұл салада ең төменгі көрсеткіш Байқоңыр қаласына тиесілі. Сондықтан нақты жұмыстар жүргізілуі қажет.

– Біз ғарыш айлағын жалға бергенмен, қазақстандық азаматтарды жалға берген жоқпыз. Олардың ділі, саяси көзқарастары тәуелсіз мемлекеттің ішкі саясатына сәйкес болуы керек. Олар ең бірінші ақпаратты өзіміздің ұлттық телеарналардан алуы қажет, – деді облыс әкімі. Сонымен бірге облыстық құрылыс басқармасы басшысына жана үйлерде телехабарларды қабылдау қондырғыларының орналастырылуына бақылау жасауды, аудан әкімдеріне әлеуметтік отбасыларына көмек көрсетуді тапсырды.

Мәжілісте сауда базарларын жаңғырту мәселесі талқыланды. Ол туралы хабарлама жасаған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Бақытжан Намаев бүгінде облыс аумағында 40 сауда базары тіркелгенін, оларда 7243 сауда орны бар екенін келтіріп өтті. Тауарларды өткізу спидатына байланысты 24-і әмбебап, 16-сы мамандандырылған базар болып есептеледі. Олардың ішінде, бүгінгі күнге 2 базар жұмыс жасамай тұр: «Арзан» коммуналдық базары және «Сұңқар и К» мал базары.

2-бет



КӨРШІ ЕЛДЕГІ КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Әбіш Кекілбай ағамыздай ардақтымыздың «баланың ғұмыры әкенің ғұмырынан бастау алатыны қандай рас болса, біздің бүгінгі ізденістеріміздің де бабаларымыздың бағзыдағы ізденістерінен өрбіп жатқаны сондай даусыз. Ендеше ардақ бабаларымызға көрсететін ең асқақ құрметіміз – олардың әділдік пен ізгілік, жасампаздық пен жарастық жолындағы рухани ізденістерін одан әрі тереңдетіп, одан әрі жемісті өрістете білу болса керек» деген кемел пікірі бар-ды. Бабалар мұрасына деген адалдық қазіргі ұлт ретінде жаңару кезеңінде басты мұратымыз болуға тиіс деген ойдамыз. Әрине, олардан мирасқа қалған мол рухани байлық, яғни өнегелі өмір тәжірибесі, өсиеттері, салдырған ғимараттары мен соқтырған сағаналары да әр жерде шашырап жатыр. Ең берісі, бірқатар айтулы тұлғаларымыздың мүрдeleri басқа мемлекеттің иелігіндегі жерлерде қалған...

Осындай ой-пікірлер алаң көңілде тоғыса келе алдымызға мақсат болып қойылды. Аймақта «Рухани жаңғыру» орталығының ұсынысы бойынша құрылған арнайы топ 10-16 сәуір аралығында Озбекстанға сапарға шықты.

Негізгі ой-мұратымыз – ортаазиялық сәулет өнерімен танысу, көзбен көріп көңілге тоқу және қажеттісін Қызылорда қаласындағы сол жағалауда салынып жатқан құрылысқа шығыс нақышы ретінде қолдануға ұсыну. Сонымен бірге өз заманында қазақтар көп қоныс тепкен атамекенінде мәңгілік байыз тапқан Жалантөс бабадүр, Төле және Әйтеке билердің мазараттарына барып тәу ету.

Әуелі жол ыңғайына қарай Навои уәлаятына қарасты Әйтеке би бабамыз жерленген Нұрата елді мекеніне ат басын бұрдық. Аты аңызға айналған бабамыздың мүрдесі жатқан жерге зәулім де сәнді кесене тұрғызылған. Бұл манай «Сейітқұл қорымы» деп аталады екен. Орайы келгенде, Сейітқұлдың өз заманында осы Нұратаның әмірі болғанын айта кету артық болмас. Кесененің бір жағына Әйтеке бидің әсем мұражайы орын тепкен. Мұражайда осынау алып құрылыстың басталуын және оны аяқтап, ас беру сәттерін бейнелейтін фотосендтер, бабаның өмірі мен қызметіне қатысты Қазақстанда жарық көрген кітаптар, бірді-екілі ескі экспонаттар қойылды. Сондай-ақ осы ғимараттарды тұрғызуға ұйытқы болған Шахарбек Оспанов ағамыздың есімі жазылған гранит тақта да бар екен. Баба басына зиярат етіп болғасын, елден апарған қол-сыйымдызы мұражайға қою үшін шырақшыға табыстап қайттық. Уақытында қазақтың ұлт ретінде қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген қасиетті бабаның басынан тиісті шариғат әдептерін сақтай отыра, бір уыс топырақ алдық.

6-бет

МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ұлы Отан соғысының ардагері Бөрібай Құлмановтың үйінде болып, келе жатқан Жеңіс мерекесімен құттықтады. Аймақ басшысы ардагермен әңгімелесіп, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. Өз кезегінде Бөрібай Құлманұлы да қонақтарға ризашылығын білдірді.



«СБ» ақпарат.

Бөрібай Құлманұлы 1920 жылы маусым айында Сырдария ауданында дүниеге келген. Ржев, Волга өзенінің бойында елді жаудан азат етуге қатысқан. Майдангер «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Айта кетейік, 9 мамыр күні облыс орталығы мен аудандарда «Жасампаз жасақ» шеруі мен «Мәңгілік алау» мемориалдарында салтанатты митинг ұйымдастырылады. Ұлы Жеңіс мерекесіне орай, ҰОС ардагерлері мен жыл әнбеккерлеріне материалдық және әлеуметтік көмек көрсетуге облыстық және жергілікті бюджеттен 422,3 млн теңге бөлінген. Оның ішінде 37 Ұлы Отан соғысы ардагеріне – 192400 теңгеден, 82 Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқиярлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін КСР Одағының ордендері мен медальдарымен нағрадалған адамға – 120250 теңгеден және 5382 соғыс жылдарында кемінде алты ай қызмет еткен адамдарға 72150 теңге мөлшерінде біржолғы көмек көрсетілетін болады.

ШАРА



САЯБАҚ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Қызылорда қалалық мәдени-демалыс саябағы биыл өзгеше әйгілкке енді. Жаңа маусымның ашылуымен қала тұрғындарын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтады.

Салтанатты шара өзге ұлт өкілдерінің «Бірліктің берік босағасы» атты шеруі және «Ерлік беру» рәсімімен басталды. Аймақ басшысы Сыр жұртшылығын ынтымақ, бірлік, татулық мерекесімен құттықтап: – Біздің елімізде бүгінде 130-дан астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олар мәңгілік ел – тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өнгендеуіне, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында болуына лайықты үлес қосып, аяндай еңбек етіп келеді. Қиы замандарда халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған – ынтымағы мен бірлігі. Бұл ұғымдар болған жерде береке мен ырыстың қатар жүретіні анық, Олай болса, бірлігімізді бекемдейік, елдігімізге сына түсірмейік, – деді.

Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында демалыс орны бастан-аяқ жөнделіп пайдалануға берілді.

1996 жылы жекешеленіп кеткен саябақ он жылдан астам уақыт бұрын мемлекет меншігіне қайтарылды. Бүгінде онда жана аттракциондар, сауда қатарлары, балаларға арналған ойын алаңайлары пайда болды. 80 кәсіпкер тынығушыларға қызмет көрсету арқылы бизнеспен айналысы жүр.

Биылдан бастап «Аквакристил гру» мекемесімен келісімшарт негізінде қалалық мәдени-демалыс саябағының жана тұжырымдамасы бекітілді. Соған сәйкес осы маусымнан бастап саябақ «Шылымсыз аймақ», «Ішпідікіз аймақ» идеясымен жұмыс істеуге көшті. Саябақ аумағында халыққа қажетті жағдайлар жасалған. Ана мен бала бөлмелері, полиция бекеті, медпункт, этноауыл, анықтама бюросы өз бағыттары бойынша қызмет көрсетеді. Мәдени-көпшілік шараларды өткізетін сахна да түрленіп шыға келді. Келушілерді қуантқан бір нәрсе – халық арасында «Колесо обозрения» аталып кеткен аттракционның іске қосылуы болды. Ол жеті жылдан бері жұмыс істемей тұрған еді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

ӨНЕР АРБАТЫ - ӨРІСТІ БАСТАМА

Қазақстан халқы бірлігі мерекесінде Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай Орталық алаңда өнер арбатының ашылу салтанаты өтті. Ұлттық өнер мен мәдениетімізді танытатын мәдени орынының ашылуына облыс әкімінің орынбасарлары Қуанышбек Ысқақов, Руслан Рустемов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Осыдан 200 жыл бұрын бой көтеріп, өндіріс мен экономикасы өркендеп, көз тартар салтанатымен Сырды бойлай конистанған Қызылорда тағы бір ерекше орымен толысты. Өнер арбаты кәсіби және әуесқой суретшілерге, колонер шеберлеріне шығармашылықпен айналысып, туындыларын халыққа ұсынуға мүмкіндік береді. Тұрғындардың рухани тұрғыда демалуына қолайлы қоғамдық-мәдени орында өнер иелері шеберлік сағаттарын өткізеді. Бұл жерде авторлық туынды, бұйымдарды сат делдалсыз сатып алу мүмкіндігі де бар.

Өнер арбатының ашылу рәсімін облыс әкімінің қолдауымен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырды. Татулық мерекесі думанды тояға ұласқан алаңда үрмелі аспаптар оркестрі мен скрипкашылар, вокалды-аспапты ансамбль өнер көрсетті. Симфоникалық белгілер мен ұлттық минамағына не аллеяда қонақтар ерекше аураны сезініп, ішкі мәдениетінің жана сағыға көтерілгенін байқайды. Шара барысында «Бесік тербеткен ана» бейнесіндегі кіші архитектуралық

белгінің маңына кішкентай бұддіршіндер гүл отырғызды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана қызметкерлері көрме жасап, қалагер Әбілқәсіп Нұрпейісовтің және «Мәңгілік ел» сериясымен шыққан кітаптардың QR кодтары белгіленген стендтерді ұсынды. Өнер арбатында облыс, аудан орталығынан жиналған 22 колонер шеберінің туындысын тамашалауға мүмкіндік тулы. Қазақстан колонер шеберлері олағының облыстағы өкілі Қарлығаш Лиясованың айтуынша, ел құрақ көрпеше, сөмкелер мен ұлттық кәдесыйларды жиі сатып алған.

– Әсіресе, балалардың ұлттық бұйымдарға қызығушылығына қуандық. Сапасыз, қымбат ойыншыққа қарағанда, кнзден, матадан жасалған ойыншықтар қалай қараса да тиімді. Өнер арбатының ашылуы мәдениетімізді насихаттауға мол мүмкіндік берді, бұрын орталық алаңда колонер шеберлерінің басын қосатын орын жоқ еді, – деді ол.

Бұл жерде кәсіби қылқалам иелеріне суреттерін салғызған тұрғындарды, жас суретшілерді жиі байқадық. Өнер арбатының шығармашыл тұлғаларға шабыт сыйлайтын, ұлттық мәдениетке ерекше көзқарас қалыптастыратын орына айналары анық. Енді аллеяда тұрғындарға ұлттық бұйым, ерекше туындыларымен тарту ұсынған өнер иелерін мереке, тіпті кейде демалыс күндері де кездестіре аламыз.

Айдана ЖУМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН КЕЛЕДІ

ҚР «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына сәйкес 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап облыстық маңызы бар қалалардағы базарларға талаптар енгізілетін болады. Яғни, облыстық маңызды қала аумағындағы орналасқан эмбебан базарлар жаңа форматтағы сауда нысандары қатарына көшірілуі тиіс. Бүгінгі күнге базарлар-дың жаппай жаңғырту жұмыстарын бас-тап, саудагерлер арасында дүрлікпе-жандылардың орын алмауын және жаңғырту жұмыстарын кезек-кезегімен жүргізу мақсатында жаңғыртудың жоспар кестелері әзірленуде. Соны-мен қатар, базарларды «Заманауи фор-маттағы сауда объектілеріне көшіру» бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, жаңғыртуға жататын ба-зарлар бойынша «Сыбаға» базарының Токтыбаев көшесі жағынан салынып жатқан жалпы пайдалау көлемі 5250 шаршы метр болатын 2 қабатты 80 сау-да орны бар «Қорқыт Ата» сауда үйінің құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталған. Қазіргі таңда, барлық жәкәтті ішкі және сыртқы инженерлік желілер (су, көріз, жылу, желдету) жүргізілген. Нысан жоспар бойынша алдағы шілде айында іске қосылып, «Асбөл» базарының аумағында негізгі кіреберіс жағындағы ғимарат жаңа форматқа сәйкестендіріліп, ста-ционарлық нысан ретінде қайта салынған. Ал, «Атамекен» сауда үйінің артында орналасқан контейнерлер алынып, жаңа стационарлы сауда нысанының құрылысын 2019 жылы бастау жоспарлануда.

«Жайна» базарының ғимараты талаптарға сәйкес келеді. Қазіргі кезде базар иесімен нысанның са-натығы Сауда үйіне өзгерту бойын-ша жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта базар жаңылда орналасқан кон-тейнерлі қатардың орны-на жаңадан стационарлық нысан құрылысы жүргізілмек. «Сұлтан» базары аумағынан жаңа форматқа сәйкес стационарлық ғимарат салынып іске қосылған. Алдағы уақытта базар артындағы жайма қатарлар бұзылып,

1-бет

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Тұрабаев Еркін Ерма-ғанбетұлы Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымына тағайын-далды.



Е.Тұрабаев 1986 жылы туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мем-лекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы Қызылорда облысының эконо-мика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бюджеттік саясат жетекшіс маманы ретінде бастаған.

2011-2015 жылдары Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы, Қызылорда облысы әкімі бірінші орынбасарының, сондай-ақ Қызылорда об-лысы әкімінің көмекшісі.

2015 жылдың шілде айынан бастап осы уақытқа дейін Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарып келді.

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ КӘСПОДАҚТАР ОРТАЛЫҒЫ» АУМАҚТЫҚ КӘСПОДАҚТАР БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Сермағамбетов Серік Сағитжанұлы «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы лауазымына та-ғайындалды.



С.Сермағамбетов 1965 жылы туған. Алматы халық шаруа-шылығы институтын «экономика» және Л.Н.Гумилев атындағы Еура-зия ұлттық университетін «заңгер» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Балық шаруашылығы министрлігінің материалдық-техника жабдықтау орталық базасының аға экономисі ретінде бастаған.

Әр жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшы-сы, Шиели ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы, Жалағаш ауданының әкімі қызметтерін атқарған.

2016 жылдың наурыз айынан бастап осы күнге дейін Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫЛДЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Шәменов Асылбек Әмірбекұлы Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқарма-сының басшысы лауазы-мына тағайындалды.



А.Шәменов 1978 жылы ту-ған. Абай атындағы Алматы мем-лекеттік университетін «Халық-аралық туризм», Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1999 жылы «Қызылорда интеграция» компаниясының менеджері ретінде бастаған.

2007-2012 жылдары Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, сондай-ақ облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларында жауап-ты қызметтер атқарған.

2012-2015 жылдары Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары.

2015 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ақира Қасымова баяндап берді. Оның атап өткеніндей, облыс бойынша 1-10 сынып аралығында 140464 балаңыз 136160-ы жазғы тынығу түрлерімен қамтылатын болады. Ол барлық оқушылардың 96,9% құрайды. Балалардың жазғы демалысын 9 қала, аудан сыртындағы лагерлерде ұйымдастырылады. Биылғы маусымда аталған лагерлерге жалпы 9327 бала қамтылады. Жазғы тынығу лагерлерінің материалдық-техникалық базасынан жөндеу жұмыстарына және балалардың тынығуына жергілікті бюджеттен 297,7 млн теңге бөлініп, жұмыс жасалуда.

Биыл облыс көлемінде 485 мек-теп жанындағы лагерлер жұмыс жасайды деп жоспарланса, ондағы қызметтер бойынша барлық міндеттер пысықталып отыр.

Облыс басшысы жазғы лагерлердің жай-күйі туралы төтенше жағдайлар және қоғамдық денсаулық сақтау департаменті тарапынан анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру үшін орынбасары Руслан Рустемовке штаб отырысын өткізді түрдегі тапсырма. Сол секілді Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен облыстағы білім беру ұйымдарына жазғы тынығу лагерлерінің сапалы дайындығын және мерзімінде ашылуын қамта-масыз етуді жүктеді. Бұл орайда балалардың демалысын мағыналы өткізуге кәсіпкерлерді, ардагерлерді, мемлекеттік органдардың аталысуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Облыстық жердің пайдала-нылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының бірінші тоқсанда атқарған шаралары туралы басқарма басшысы Қайрат Тоғыбаев хабарлады. Облыс көлемінде, жер заңнамасының сақталуы бағытында атқарылған іс-шаралардың еңсе жүргізілген бақылаудың нәтижесінде, 2017 жылдың қорытындысымен республика бойынша басқарма Атырау облысынан кейін екінші орынға тұрақтаған.

Осы жылы қазірге дейін анықталған заң бұзушылықтардың саны – 35, оның ішінде жерді пайдаланбау – 9, мақсатын

бұза отырып пайдалану – 9, өз бетінше иелену – 17. Оларға айыппұл және ескертулер түрінде әкімшілік шаралар қолданылған.

Басқарма басшысы біздің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласы бойынша қабылдануы жатқан оң істермен танысу үшін көрінісес об-лыстардан әріптестер келіп тәжірибе алмасып жатқанын, өз кезегінде басқарма қызметкерлері тәжірибе жинақтау мақсатында ҚР АІІМ Жер ресурстарын басқару комитетінде және Астана, Алматы қалалары мен Маңғыстау облыстарында тағылымдамадан өтуде екенін жеткізді.

Мәжілісте облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқар-масының басшысы Марсбек Молдаба-ев облыс әкімінің тапсырмасына сай нысандарда құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау күшейтіліп, орын алған кемшіліктер мен ақаулар ны-санды қабылдағанға дейін толық жой-ылуы қамтамасыз етіліп жатқанын мәлімдеді. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 31 тексеру жүргізіліп, 10 нұсқама беріліп, анықталған кемшіліктер жойылған. Сонымен қатар құрылыс саласындағы заңнама талаптарын өрескел бұзған мердігер мекемелерді лицензиясынан айыру туралы тапсырма да күште енді. Мы-салы, сот шешімімен «Береке» ЖПІС құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналысуға берілген лицензиясы алыпса, «Ардақ» ЖШС-на лицензия-сын қолдану уақытша тоқтатылған.

Мұнан бөлек, қозғалған 44 әкімшілік іс бойынша кінәлі тұлғаларға 6,4 млн теңге айыппұл салынып, оның 5,9 млн теңгесі бюджетке өндірілді.

Облыс әкімі пайдалануға берілетін әлеуметтік нысандар уақытша және сапалы түрде қолданысқа енгізілуін қатаң тапсырды. Бұл рет-те тиісті басқармалар бірлесіп қимыл жасап, құрылысқа қатысты барлық мәселелері, қойылған міндеттің мұқият қалғаланыуы қажет екені және бір ескертілді.

Ыдырыс ТӘЖІУЛЫ, «Сыр бойы».

ЕСІМІ ДЕ, ЕҢБЕГІ ДЕ ТҮР ЕСТЕ

Жуырда облыстық ішкі істер департаментінде осы құрылымды басқарған тұңғыш генерал-майор Есен Демесіновті еске алу кеші өтті. Шараға қатысқан қоғам қайраткерлері, ІІМ ардагерлері мен офицерлері генералға арналған деректі фильм мен жаңа кітаптың тұсауы кесеріне куә болды.

Есен Демесінулы Демесінов ішкі істер органдарында 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарған. Басшылық кезеңде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті жолға қойып, саланың да-муына, офицерлер мен жеке құрамның біліктілігіне баса назар аударды. Өз ісіне деген жауапкершілігінің арқасында 13 жылға жуық уақыт облыстық ішкі істер басқармасының бастығы лауазымында қызмет етті.

1991 жылы милиция генерал-май-оры шенін алады. Қызметтік міндетін мінсіз атқарғаны үшін бірнеше мәрте ҚР ІІМ-нің ордендерімен, медальдары-мен, Құрмет грамоталарымен марапат-талып, КСРО ІІМ-нің «Еңбегі сінген қызметкері» белгісінің иегері атанған. 2005 жылы 67 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Шарада генералдың көзін көріп, қызметтес болған ел азаматтары естеліктер айтты.

– КСРО ІІМ еңбегі сінген қызметкер, милиция генерал-майо-ры Есен Демесінулы тірі болғанда биыл 80 жасқа толатын еді. Бүгінде оның шәкірттері, анттына адал білікті тәртіп сақшылары еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етеді. Данқы қанша аспандап тұрса да, даракылықтан ада, ғұмыр жолы дара тұлға еді, – деп еске



алады замандас-әріптесі, полиция ге-нерал-майоры Омирзақ Болсанбеков.

Еске алу кешінде жазушы Қажы Қорғандылы құрастырған «Сыр елі бағымды ашты, қастерледі» атты кі-таптың тұсауы кесілді. Бұл туын-ды генералдың ерлікке толы ғұмыр жолына арналған. Сонымен қатар, «Qyzylorda» телеарнасы ұжымы дайындаған Есен Демесінулының өмірінен, еңбек жолынан сыр шертетін танымды, тағылымды деректі фильм көрермендерге өнегелі ғұмырдың бейнесін көрсетті.

Шара «Динамо» кешеніндегі спорттық турнирге ұласты. Шағын футбол жарысына құқық қорғау органдары, күштік және арнайы құрылымдар қызметкерлерінен жасақ-

талған 16 команда қатысты. Қиян-кескі бөсекеде І орынды ҚР ҰҚК ше-кара қызметінің 2019-әскери бөлімі иеленсе, ІІ орынды ҚР Ұлттық ұланы 5447-әскери бөлімінің командасы қанжығасына байлады. Ал жарыстың қола жүлдегерлері болып облыс бой-ынша құқықтық статистика және ар-найы есепке алу жөніндегі басқармасы танылды. Жөнімпаз және жүлдегер командалар жарыс кубогымен, бағалы сыйлықпен, дипломдармен марапат-талды.

Еліне елеулі қызмет еткен генерал Есен Демесіновтің ардақты есімі мен ғибратты өмірі талай ұрпаққа өнеге бо-лары сөзсіз.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ СЫР ЕЛІНДЕ

Экспедиция құрамындағы Ресейдің округтік жастар парламентінің мүшелері 5 «ГАЗ-20» және «Победа» көліктерінен құралған көртежбен алдымен Ресейдің бірнеше қалаларын ара-лады. Одан әрі Қазақстан шека-расына өтіп, сәуірдің 20-на Пе-тропавл қаласында болды. Бұл жапар еліміздің өзге де қалаларында жалғасын тауып, ондағы соғыс, тыл ардагерлерімен және олардың балаларымен кездесті. Мәңгілік алау ескерткіштерін гул шоқтарын қойып, жергілікті жастармен жүздесіп, пікірлесті.

Аталған автошеру Қызылорда қаласына да табан тіреп, алдымен орталықта орналасқан «Тағыз» алаңында болды. Онда орналасқан «Мәңгілік алау» мемориалды кешеніне гул шоқтарын қойып тағыз өтті. Мұнан кейін қонақтар «Достық» үйінде Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен кездесті. Онда экспедиция құрамы мұражаймен, түрлі ұлт өкілдері орталығының жұмысымен таны-сып шықты. Жиынды қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов ашып, «Жеңіс – барлығымызға біреу!» медиаэкспедицияның негізгі мақсаты жайында кеңінен айтып өтті. Ал экспедиция жетекшісі Ни-колай Заболотнев казак халқының

қонақжайлылығын ерекше атап өтіп, алғысын білдірді. Сонымен бірге Ұлы Жеңіс мейрамының казак жерінде айрықша тойланып жатқанын айтып, жоғары деңгейде өткен шаралардың біршамасына қатысқандарын да тілге тиек етті. Соғыс және тыл ардагерлеріне де-ген құрметтің жоғары екенін де атады.

Экспедиция мамырдың 9-ы күні, яғни Ұлы Жеңіс күні елдеріне жетіп, медиаэкспедицияны қоры-тындыламақ.

– Барша қызылордалықтарды Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұған дейін біз Қазақстанның бірнеше қалаларында болдық. Жаксы әсер алдық. Тұрғындар бізді жылы шыраймен қарсы алды. Олардың жылы сөздері бізге үлкен қуаныш сыйлады. Тіпті сый-сияпат жасап жатты. Бастысы, біз жастар Отан зор ерлік жасаған батырлары-мызды ұмытпай, оларға құрметпен қарағанымыз жөн. Олардың қай-сарлығы жайлы айтудың өзі зор мақтаныш. Сол жандардың еңбегінің нәтижесінде бейбіт күн кешудеміз. Майдангерлеріміздің ерліктері мен маңдай терінің, жеңіс-ке деген жігерлігінің арқасында ортақ жеңіске жетіп отырмыз,-деді Николай Заболотнев.

**№64 (19547)
3 мамыр, бейсенбі
2018 жыл**

Ресейлік «Жеңіс – бар-лығымызға біреу!» медиа-экспедициясы Сыр еліне табан тіреді. Экспедиция осы жылдың 17 сәуір күні Ресейдің Нижневартовск қаласынан бастау алған болатын. Дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан шара биыл жетінші рет ұйымдастырылып отыр.

Айта кетерлігі, халықаралық медиаэкспедиция Ресей, Қазақ-станнан өзге Қырғыстан, Өзбекстан елдерінде де жалғасын тапқан. Олар осы сапарлары ая-сында ТМД елдерінде соғысқа қатысқан көптеген ардагерлер жайлы мағлұматтар, құнды дерек-тер жинап жүргендерін де айтты. Соғыс тұсындағы халықтың ауыр тіршілігі, кәсіпорындар, емханалар мен балалар үйі туралы зерттеулер жүргізуде. Осының негізінде экс-педиция кино түсіруді де жоспарлап отыр.

Жиынға қатысқан соғыс және тыл ардагерлері шараны ұйым-дастырушыларға алғысын білдіріп, ақ баталарын берді. Қарт майдан-герлер автошеру көліктерін тама-шалады. Бұл «Победа» көліктері Ресейдің түрлі қалаларынан жиналған. Тіпті, әрбір машинаның аты бар. Атап айтар болсақ, «Ма-эстро», «Легенда», «Смуглянка», «Мурманск» деп аталады.

Сонымен бірге шара облыстық тарихи-өлкетану музейінде жал-ғасты. Онда қонақтар Сыр елі-нің терең тарихы мен күнді жәдігерлерімен танысты.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Жуырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндама ұсынылды. Президент тарапы-нан құжатта көрсетілген маңызды ұсыныстар толық қолдау тап-ты. Бұл бағытта өкірлерде қарқынды жұмыс атқарылуда. Өкірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында осы мәселе кеңінен талқыланды. Жиынға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыс бойынша департаменті басшысы Әділхан Әшірбаев, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бой-ынша департаменті жетекшісі Абзал Мұхимов, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда об-лысы филиалы директорының міндетін уақытша атқарушы Рай-хан Ысқақова қатысты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АҒЫЛШЫН ТІЛІН ЖЕТІЛДІРЕДІ

– Мемлекеттік аппаратты құру және дамыту 3 кезеңнен тұрады. Қазіргі таңда кәсіби мемлекеттік ап-паратты қалыптастырудың 2 кезеңі жүріп жатыр. Енді Елбасының Ұлт жоспары негізінде мемлекеттік қызметті реформалаудың үшінші кезеңі басталды. Пәрменді жұмыстардың нәтижесінде кадр тұрақтылығы қамтамасыз етіл-ді. Бізде кадр тұрақтылығы ең жоғары деңгейде. Облыста мем-лекеттік қызметшілердің ман-саптық осу мәселесіне жоғары мән берілуінің нәтижесінде ішкі конкурстардың қорытындысымен жұмысқа қабылданған 99 тұлғаның 74,6% жоғары лауазымдыға тағайындалған. Өткен жылы бұл көрсеткіш 66 процентті құраған бо-латын, – деді А.Мұхимов.

Басқосуда ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасына оқуға түсуге ынтасыбар мемлекеттік қызметшілердің көпшілігі ағылшын тілін жетік білмейтіні айтылды. Р.Ысқақованың мәлімдеуінше, осы мақсатта филиал базасында ағылшын тілін тегін деңгейлік оқыту мүмкіндіктері қарастырылуда. Жалпы, филиалдың білім беру бағдарламалары сапасы жоғары және жаңғырту үдерістері талапта-рына сай, бөсекеге қабілетті басшы-

лар мен мамандарды дайындауға негізделген. Алдағы уақытта ҚР Үкіметінің 15 наурыздағы №125 қаулысына сәйкес, 8 сағаттық білім сатысы оқуларын өткізу жоспарлануда. Себебі, үш жыл-да бір рет біліктілігін арттыра-тын мемлекеттік қызметші үшін жылдағы өзгерістермен дер кезінде танысып отыруда қысқа мерзімді семинарлардың тиімділігі жоғары.

Өңірде жең ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күресу мақсатында да кешенді шаралар қолға алынып отыр. Әділхан Әшірбаев Ұлттық бюро тарапынан жазадан құтылмау принципін қамтамасыз етумен қатар, қылмыс деңгейін төмендету, азаматтардың құқықтық санасын арттыру бойынша нәтижелі жұмыс жүріп жатқанын айтты. Биыл І тоқсанда сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалар саны – 25. 7 тұлға қылмыстық ісі үшін сотталған. Құқық қорғау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық та – өзекті мәселелердің қатарында. Есепті кезеңде құ-қық қорғау органдарының 4 қыз-меткеріне қатысты қылмыстық іс өндіріспен аяқталып, 97,6 млн теңге өндірілген.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

БРИФИНГ

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕН БАЙЛЫҚ

Елдігіміздің бойтұмары – ел бірлігі. Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасын талқылауға арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында бүгінгі күннің ең басты мәселесі – ел бірлігіне баса назар аударылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында сессия делегаттары тарқатып айтты.

– Ассамблея сессиясында елі-міздің бағыт-бағдарына тағы бір көз жеткіздік. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» елдегі ынтымақ пен бірлікті қастыра-ру түсеріне сенімдіміз. Алқалы басқосуда Мемлекет басшысы Н.Назарбаев жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалардың негізгі қаридаттарын атап өтті. Сондай-ақ, «Бес бастаманың» маңызды болып табылатын әлеуметтік мәселелердің шешілуіне бағытталғанын алға тартты. Жиында Астана – бірлік пен келісімнің жалындылтық үлгісі екені айтылып, бас қаламыздан Достық үйін ашу да ұсынылды. Бұл бастамалар халықтың тұтастығына оң әсерін тигізіп, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын айғайтай түседі. Әсіресе, жастарға беріліп отырған мүмкіндіктер ел болашағының зор екендігін дәлелдеп отыр, – деді облыстық еврей этномәдени бірлестігінің

төрайымы Людмила Ли. Брифингте «Қазақстандағыорыс қауымдастығы» республикалық бірлестігі Қызылорда филиалының төрағасы Владимир Толкольников ел бірлігін нығайту, бейбітшілік пен келісімді сақтау, рухани мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстардың жүйелілігіне тоқталды. Қорқыт ата атындағы ҚМУ Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, до-цент Айтжан Оразбаков әлеуметтік бірлік саясаты – біртұтас ұлт қалыптастыру жолындағы маңызды қадам екенін жеткізді.

Айта кетейік, өткен апта-да Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында ҚХА-ның кезекті сессиясы ұйымдастырылған болатын. Оған біздің өңірден 16 Ас-самблея мүшесі қатысты.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

– Соғыс басталғанда небәрі 17 жаста едім. Мектепте оқып жүрген кезім. Бұл зұлмат күн барлық шаңырақты шарпып жатты. Біздің отбасымызға да оңай соқпады. Себебі, қан майданға алдымен Мәлік ағам аттанды. Онан кейін мен кеттім. Бірақ барлық жанға қасірет әкелген соғысқа өзім сурандым. Өйткені, менің санамда өлімді, жерімді жаудан аман алып қалу ғана тұрды. Отбасымды жасы келген әкем мен ағам табыстап осылайша кете бардым, – деп Әдірауық ата әңгімесін әріден бастады.

Латвия, Эстония, Литва, Молдавия жерін жаудан босатуға атсалысады. Бұл кезде атты әскер кавалериясының құрамында болған ол осы жерде аға сержант шенін иеленеді. Мұнан соң 1945 жылы Воронеж облысы Острогожск қаласына келеді. Мұнда судан атпен өту, қару-жарақты пайдалану тәсілдерін меңгереді.

ЕРЛІГІ ҰРПАҚҚА – ҰРАН, ЕЛГЕ – ҮЛГІ

Әдірауық Сатыбалдиев 1925 жылы Қармақшы ауданының, Бозарқаш ауылында дүниеге келеді. Мектеп есігін Бидайкөл ауылында ашып, ағасының қолында оқиды. 1938 жылы 6-8 сыныптарды Бозарқаш ұжымшарында оқып, 9-сыныпты 20 шақырым жердегі Бестам мектебінен бітіреді. Сол уақыт 17-ден 18 жасқа қараған шағы болатын. Нағыз асыр салып жүретін бозбалалық кезең еді. Бірақ ойын-сауыққа мойын бұрғызабады. Себебі, соғыс деген ұлы сұранып елге жетіп, жау жағалдан ала бастаған болатын. 1942 жылдың аяғында 4 рет әскер қатарына шақырылып, 9 сыныптық білімі бар ұыздай жас 1943 жылы қаңтар айында Совет армиясының қатарына қабылданады.

Әскер қатарына алынған Ә.Сатыбалдиев алдымен Саратов қаласына келіп, ол жерде командирлер даярлайтын жеделдетілген 3 айлық курста оқиды. Онда қару-жарақтар жайлы, оның ішінде зеңбіректі қалай ату керек, қалай қондыра беру керектігі турасында үйреніп шығады. Курсты тәмамдаған оған сержант шені беріледі. Өзінің жүріп өткен жолын, жан беріп, жан алысқан, нағыз майданға араласқан тұсын соғыс ардагері былай еске алды.

– Болға өзенінен Саратов қаласына келгенде қар қалың болды. Алдымызда 12 қатар зешелон тұр. Бұл Қырш Шығыстан соғысқа бара жатқан солдаттар екен. Ең алдымен қолды ашу үшін сол жердің қарын күрелді. Бізді осы жерде іріктегі кестіміз. Мен 3 айлық курста кетіп, оны бітірісімен кайтадан Ленинград қаласына келдім. Онда 76-артиллерияның бір бөлімшесіне командир болып, Ленинградты қорғадым. Бұл менің қан майданға алған араласуым еді. Бірақ сол жерде жараланып, бастан соққы алдым. Бір жарым айдай емделіп, 1944 жылы ұрыс даласына қайта келдім. Ол жерде 358-дивизия құрамында болып, үлкен шабуылдарға қатыстым.

Ауыр күндерді күресіне айтқан қария бұл шабуылда Острогожск, Воронеж, одан әрі Балтық бойы,

Жеңіс туының желбірегенін Ригада жүргенде естіпті.

– Соғыс аяқталғанымен мен елге бірден қайтпадым. Өйткені, шілде айында 25 мыңдай солдатты қару-жарақ, аттарымызбен бірге қызыл вагонға мінгізіп, жан-жағымызға қаратпастан суыт алып кетті. Қайда бара жатырмыз, не істейміз, ешкім ешнәрсө айтпады. Араға бірер ай салған соң зешелон Жосалы теміржол станциясына келіп тоқтады, – дейді майдангер.

Туған жер көзге оттай басылады. Амаз жоқ, аялдауға болмайды. Мұнда азық-түлік, аттарымызға жем-шөп алып қайта кете бардык. Бірнеше күн жүріп, Алматы, одан Семей, Новосибирск тесік таулар –тунельдер арқылы Монғолияның Қызылқұмына өттік. Монғолияда Хайлар деген қала бар, соны босату біздің міндетіміз екен. Сол жердегі генералдар, маршалдар азаматтық киіммен жүрді. Тамыз айында Қырш Шығыстың армиясы ар жағынан, бер жағынан біздің дивизия Жапон самурайларын қоршауға алып, 9-10 күнде оларды қолға түсіріп соғысты аяқтадық.

Өз елін жаудан азат етіп, одан соң Монғолияны қорғаған қария мұнан кейін Ташкентте 1 жыл болады. 1947 жылдың шілде айында, Түркіменстан республикасының Кушка, Өзбекстанның Термез, тамыз айында орталық қаласы Ашхабадқа орналасады. 1948 жылы бұл жерде үлкен жер сілкінісі орын алады. Түннің бір уағында болған оқиға кезінде жердің соққылынан қазарма құлайды. Әдірауық ата үйінді астынан әуірміден шығады. Жан-жаққа бытырап қашқан адамдар, құлаған үйлер майдангерге соғыстан да қатты әсер етеді. Себебі, 1932 жылғы ашаршылық, онан кейін 1936-1937 жылы қуғын-сүргін секілді нәубетті жылдардың куәсі болған ол үшінші мәрте адам баспаңа түскен тағы бір зауалды бастан кешті. Яғни, сол күнгі жер сілкінісі кезінде Ашхабад қаласында бәрі тегіс құлап, 160 мың адам тамның астында

қалған екен. Бұл күндерді қария адам баласының басына тілемейді.

Соғыстан кейінгі уақыт тұралап қалған ел үшін ең ауыр жылдардың бірі болды. Жоктан бар жасап күн кешкен халықтың тұрмысы да нашар болғаны белгілі. Ауылға келісімен ел әлеуетін көтеруге атсалысты. Жұмысы да жауапты еді. Мәскеу мен Алматыдан келген қаулыларды тіркеп, оның жүзеге асуын бақылайтын. Сөйтіп жүріп кешкі жастар мектебіне түсіп, аттестат алады. Мектепті бітірісімен 4 айлық курста оқиды. Мәскеу университетінің статистика факультетіне сырттай түсіп, экономист мамандығын алады. 37 жыл аудандық статистика басқармасын басқарды.

– Аудандық статистика басқармасын басқарған 37 жыл ішінде небір қиындықтар болды. Тұрақты отыратын ғимараттың болмауынан көшіп қонып та жүрдік. Сонда да жұмысымыз қалыс қалу болмады. Бөзінгі жастың мыңналардың үстіне мінip жүріп, ауылдарға тексеруге баратынбыз. 1960 жылдары елде жағдай түзеле бастады. Көлік те, ғимарат та болды. Тіпті 1982 жылы мемлекеттік статистика органы қайта құрылып, көзбояушылыққа жол бермейтіндей құқыққа ие болдық. Дегенмен, қандай жағдай болса да, кез келген санның тұрасын көрсетіп отырдым. Өйткені, жалған есеп адамды орға жығады. Менің айтарым, қандай жағдайда да өз ісіне адал бола білуің керек. Сонда ғана сен жаксы жетістікке жетесің, – дейді Әдірауық ата.

Соғыс кезіндегі де, бейбіт өмірдегі де еңбегі елеусіз қалмады. Майданда көрсеткен ерлігі үшін Отан соғысының І, ІІ дәрежелі орденімен, сонымен бірге 22 медальмен марапатталды. Мұнан өзге екі мәрте «СРО статистика үздігі» белгісін, көптеген диплом және төсбелгілерді иеленді. Жұрыда соғыс ардагеріне «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

40 жыл бойы коммунистік партияның мүшесі болып, барлық ғұмырын елінің, туған жерінің өркендеуі мен дамуына арнаған зейнеткер бүгінде тоқсан үш жаста. Түрлі кезеңді бастан өткерсе де, Әдірауық атаның қимылы да, жүрісі де ширақ. Үш баладан он шақты немере мен шөбере сүйіп отыр. Мереке қарсаңында жүзесіп, қариямен тілдескен біз атаның бүгінгі болмысына тәнті болдық. Атаға сөзін айтып, бүгінгі ұрпақтың болашағына алаңдаған қарт көңілі кейінгі ұрпаққа тек жасықсылық тілейді. Аласпаған заман қайталанбаса екен дейді.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

ERLIK

БРАНДЕНБУРГ ҚАҚПАСЫНДАҒЫ ҚОЛТАҢБА



Ерлігі елге аңыз, ертеңге үлгі болған қызылордалықтар қатарында еңбек және соғыс ардагері, медицина қызметінің запартағы капитаны Колесник Любовь Сергеевна да бар. Бүгінде 90-нан асқан қария әлі күнге дейін кітап оқиды. Газет-журнал ақтарып, күнделікті жаңалықтардан қалыс қалмауға тырысады.

Любовь Сергеевна 1925 жылы Оңтүстік Қазақстанның Арыс өңірінде әскери қызметкер отбасында дүниеге келген. 1941 жылы Степановтар отбасы (ол кезде Люба жеңілді тегі Степанова болған) үшін қайғылы жағдай орын алады. Әулеттің тірегі – әкесі дүниеден озды. Любаны үлкен ағасы Қызылордаға алып келді. Осыдан кейін тура 18 күн өткенде соғыс басталды.

Ол жергілікті медицина техникумына оқуға түсіп, оны бітірген соң брүцелдеге қарсы күрес станциясына жолдана алған. Сонда жұмыс жасап жүріп, жасы кемелетке толған соң майданға аттанды. Өгілгі Г.Жуков қолбасшылық еткен бірінші Беларусь майданына түсті.

Қарт майдангер майданда жеңіл жаракаттанғандардың жорық госпиталінде қызмет істеген. Айтқанда оңай көрінгенімен, бұл өте қиын міндет еді. Майдан даласында госпиталь үшін отын-су табыла бермейтін, жараланғандарға қаржы жетпей жатады. Барлық жұмыс жылдам атқарулыға тиіс еді. Себебі, әскер шабуылға аттанса, госпиталь соңында ілесе жүруі керек.

Қатардағы Степанованы жұмыстың небір қиындығы қорқыта алған жоқ. Өмірі әскерде өткен әкесінің тәрбиесі оның кез келген жағдайға бейімделіп, Отан алдындағы борышын адал атқаруына жәрдемдесті. Тіпті, бомбала кезінде де жүрегі шайылмады. Госпиталь жеңіл жараланғандарға арналғанымен, мұнда ауыр жаракатпен де сарбаздар көп түсетін. Оларды тылдағы госпитальдарға

санитарлық пойыздармен жөнелткенге дейінгі күтімі – госпиталь дәрігерлерінің мойнында. Сондықтан, қызметкерлер тәулік бойы тынымсыз жұмыс істеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 73 жыл өтсе де, бір жағдай жалынан ешқашан өшпейді. Бір күні оның өзімен жасты құрбысы Полина жаралы жауынгерлер тобын госпитальдан пойызға алып бара жатқан. Олардың жолында миға жарылып, барлығы Любаның көз алдында жан тапсырды...

...Майдан тоқтаусыз жүріп жатты. Ол майдан өлім мен өмірдің арпалысы еді. Госпиталь шабуылға шыққан әскер соңынан жылжи берді. Ең ауыр ұрыстар Беларусь үшін болған еді. Жау ақтық демі қалғанына қарсыласты. Жараланғандар да көп. Ал госпитальді тоқтаусыз нөсер жауған батпақты жерге орналастыруға мәжбүр болды. Жаралы жауынгерлердің астына ағаш бұтақтарын төсеп, жаңбырдан қалқауу үшін плащ-палаткаларды пайдаланды. Дәл сондай жағдай Польшадағы майданда да болды. Тек Германияның Ной-Репен қалашығында ғана Любаның госпиталі бомбалаудан аман қалған шағын ғимаратқа орналасқан еді.

Бір қызығы, сол кезде жараланғандар қатарында немістер де бар. Люба әжей немістердің совет солдаттары мен медбикелеріне үрейлене қарағанын еске алды. Дегенмен, сол кезгі бұйрық бойынша, жараланғандардың барлығына бірдей көмек көрсету міндеттелген.

Любовь Сергеевна Ұлы Жеңіс күнін осы қалашықта қарсы алған. Ол госпитальда 1945 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет етіп, Қызылордаға қайта оралды. Елге қайтар алдында бейбітшілік туралы сөзін Берлиннің ең өгілгі рәмізі – Бранденбург қақпасына жазып қалдырған.

Люба әжей Қызылордаға келген соң локомотив депосына фильдерге болып орналасып, зейнетке шыққанына сонда еңбек етті. Сонымен қатар, көп жылға дейін кеңес әскерінің ерекше есебінде болды. Себебі соғыс жағдайы туа қалғанда запартағы майдангерлер алдының қатарда болуға тиіс еді.

Майдандағы ерен ерліктері мен бейбіт күнде ел игілігіне еткен еңбегі үшін Любовь Сергеевна көптеген марапаттар алып, медальдар тағынды. Демобилизациядан соң көп ұзамай тұрмыс құрып, Колесник тегін алған Люба жеңілді күйеуі Николай Севастьянович те майдангер. Ол да жарты ғасырға жуық уақыт локомотив депосында еңбек етіп, 2006 жылы дүниеден озды. Бүгінде балалары Ресей мен Украинада тұрады. Бес немересі бар.

Айнұр СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

ҮРЕЙДІ ЖЕҢГЕН ҮМІТ

Адамзат тарихындағы ең зілді де зұлматты соғыстың артта қалғанына биыл 73 жыл толып отыр. Жеңіс күні – қайыспас қайсарлықтың, табандылық пен батылдықтың, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісіне айналған абырой мен даңқтың мерекесі. Сондықтан майдангер қарттардың ерен ерлігі тарих бетінде алтын әріппен айшықталып қалды.

Ел басына күн туған сын сағатта Отан қорғауға аттанған өрмідей жастың бірі Сейтхан Шілдебас еді. Ол 1925 жылы Шіелі аулына, Сұлутөбе ауылында, қарапайым отбасында дүниеге келді. 1943 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанғанда ол сегіз жаста болатын. Жас та болса жауары отты, жүрегі жалынды жігіт туған елін жаудан азат етуге белін бекем бунды. Майдан даласында сан мәрте ажалмен бетпе-бет келсе де, олардың бойында үрейден гөрі үміт басым еді. Жеңіске деген жігер әрдайым алға

жетеледі. Беларусь майданында болған қиян-кескі ұрыстан аман өтіп, одан кейін Витебск, Смоленск, Бобруйск қалаларын азат етуге атсалысты. Осы шайқастарда басынан және аяқтан жараланды. Тула қаласында 2 ай госпитальда емделіп, соғысқа қайта кетті.

1945 жыл. Сұрапыл соғыс Ұлы Жеңіспен аяқталды. Жауынгерлердің жүрегін қуаныш билеп, туған жерге деген сағыныш сыздатқандай. Отбасы, ата-анасымен хат-хабар алысқан соң көңілдері біршама жайланғандай болды.

Соғыстан кейін де бір жарым жыл әскерде болды. Елге келіп, еңбекке араласалды. Соғыс салдарынан азып-тозған ауылды қалпына келтіруге өз үлген қосты. Сол 1947 жылы «Гидромет» мекемесіне жұмысқа орналасқан ол осы салада қырық жылға тауа абыройлы еңбек етіп, 1985 жылы зейнетке шықты. Ұзақ жыл ауа райын зерттейтін аға бақылаушы қызметін атқарып, біраз жетістіктерге жетті.

Ол – «Қызыл Жұлдыз», Отан соғысының І, ІІІ дәрежелі ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» және

«Украинаны азат еткені үшін» медальдары мен Сталиннің арнайы «Алғыс хатына» ие болған ардагер. Әр жыл сайын айтулы Жеңіс мерекесіне орай мерекелік медальдармен марапатталды. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет тарапынан соғыс ардагеріне құрмет көрсетіліп, жана баспана берілді. Бүгінде Сейтхан ата сол құтты қонысында тұрып жатыр.

Кейіпкеріміз 1950 жылы отбасын құрды. Жұбайы – Дәмеш екеуі 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Алайда, 1972 жылы ақсақалдың жұбайы дүниеден өтті. «Орында бар оңалар» деген, бүгінде ақсақал ұрпақтарының ұлағатына бөленіп, немере-шөберенің шаттығына кенеліп отыр. Балаларын құтты орнына қондырған ардагер бейбіт күн мен берекелі тұрмысына таубе дейді.

Мемлекеттің жасап жатқан қамқорлығына рәхмет. Ең бастысы – елдің тыныштығы. Осындай астамысыз ашық, тәуелсіздігі тұйыры елімді көрген менде арман жоқ,-дейді қарт майдангер.

Кешегі майдангерлер – бүгінгі ардагерлер. Осынау асқақ рухты асыл



жандардың адами болмысы арада қанша жылдар өтсе де, сол тұғырдан табылады. Олардың өшпес ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұран. Сондықтан «Ұлы Жеңіс» ұғымының әркез бағасы биік. Еңселі

ер азаматтардың барлығы майданға аттанғанда, елдегі шаруаға еге болып, азаматтардың амандағы үшін аянбай тер төккен аналардың еңбегі де ерлікке пара-пар. Бірінің асыл жары, бірінің аяулы перзенті Отан қорғауға аттанғанда, олардың ошағының отын өшірмей, ұрпағын өсіріп, үмітін жалғамды. Тылдағы толассыз тірліктің тізгінін ұстады. Міне, Ұлы Жеңіс жету жолында ел-жұрт осындай табандылық пен батылдықтың үлгісін танытты.

Бүгінде тоқсан үш жастағы Сейтхан атайдың көкірегінде бәрі сайрап тұр. Кейде ойға шомған сәтінде осының барлығы көз алдынан көлебең өтеді. Алайда сол бір қиын-қыстау күндердің ауыр естелігін жан қорқауға желкілдеп өсіп кете жатқан немере-шөбересінің бақитты күлкісі сейлітпін жібереді. Кешегі қарт асылың, қан майданға аттанған жауынгерлерді арманы да осы емес пе еді! Таубе!

Ғазиза ӘБІЛДА,
“Сыр бойы”.

БЕКЗАТ БОЛМЫС

Арын ардақ тұтар асыл жандардың ғұмыр соқпағына қарасаң, ұлағат тұтар өмір шешіресіне тәнті боласың. Өнегелі өмірінің терек қырларына үйле қалсаң, мол ғибадат аласың. Белгілі бір азаматтардың тұлғасын дүйім жұртты танып-білген, елі мен халқына қадір артқан, табиғат сыйлаған өзіндік қырлары мен ерекшеліктерінің ұрпағы тарапынан мадақталуының өзі-ғұмырлық рухани танымға ие заңды құбылыс сияқты.



Адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар саналатын Хазіреті Мұхамед (с.а.у.) дүниеден өткен кезінде 63 жаста екен. Міне, сол себепті де, пайғамбар жасы ретінде 63 ұлықталып, дария көңіл қарттыққа баратын қадам болып саналады. Бірақ мұны қартайғандық деп емес, керісінше толысқан кемел шак деп кесіп айтуға ғана болады.

Біздің кейіпкеріміз де Қармақшы ауданына қарасты Діпрмен төбе станциясының тұмасы Мусиф 1955 жылы 10 мамырда Жарылқасыновтар отбасында жеті баланың кенжесі болып дүниеге келіп, ел қатары орта мектепті тәмамдап, Ташкенттегі темір жол институтына түскен.

Бабаларымыздың ерлік тарихын, аталарымыздың ержүрек дәстүрін, аға буынның батырлығы мен батылдығын көңіліне тоқып, олардың өнегелі өмір жолын оқып өскен жас 1980 жылғы интернационалдык борышын өтеу үшін Ауған соғысына аттанды. 9 жылдан астам, нақты айтар болсақ, 110 айға немесе 2238 күнге созылған соғыстың Қазақстанға тигізген зардабы таусылмайтын әңгіме. Бұл мәселеде әлі

де зерттеліп, анықтайтын тақырыптар жетерлік. Соғыс кезінде көптеген қаралы хабар алған жанұяның шаңырағын шайқалды, біреу сүйген жігітінен, біреу жалғыз ұлынан айырылды...Сол кездегі жиырма бестегі жігіт қазір пайғамбар жасындағы ел ағасы болып та қалды.

Біз сияқты көркем шығармалар мен кинофильмдерден емес, өзі күш болған сол соғыс туралы Мусифтің төбірленген: «Соғысқа қатысқандар адамды тереңірек, әрі тез таниды екен. Өйткені, соғыс адамның адами пиялыын тез таңуға үйретеді. Үйренің келмесе де, үйренуге мәжбүрлейді. Соғыс адамды тез есейтеді. Өмірдегі 18 бен 20-ның аралығындағы жап-жас жігіттердің кексе адамша «өлім» туралы философиялық тұрғыдан толғанғанын, өмірдің құнын сезініп, парқын түсініп, білгенін көрдім. Ажал

ажарына да, базарына да қарамайды екен. Жаның түршігеді... Сонымен бірге соғыс есептерітеді де. Соғыс ортасында жүріп, өмір мен өлімнің арасы бір-ақ тұтам екендігіне көз жеткізілм. Бір нанды, суды бөлісіп жүрген жолдастарымыз бір-ақ сөтте мерт болды. Сөзбен жеткізу мүмкін емес, жүрекпен сезіну қажет. Ұмытқымыз келсе де, ұмыта алмайтын кезең... Біз айналадағы болып жатқан оқиғаларға сабырмен қарап, әрі қарай өмір сүріміз керек. Соғыстан жүйкесі жұқарып келген кейбір жігіттердің бейбіт өмірге бейімделе алмай, тегіс жерде сүрінгені де көрдім. Соғыс артына ауыр зардап, үлкен мехнат, қым-қиғаш із қалдырды... Өткеннің бәрі қатал деп қарауға болмайды. Кеңес үкіметінің ерекшелігі жалпы халықты бір идеологиямен тәрбиелегенінде. Біз өзіміздің интернационалдык борышымызды өтедік деп ойлаймын. Мен қазір ардагер атанып жүрген бар бауырларыма болапайт беріктік, ауызбіршілік, дендеріне саулық тілеймін. Аға буынның үлгі тұтарлық қорсеткен ерліктерінің қасиетін төмендетпей, бейбіт өмірге деген құлшыныс сезімін жас бұын бойына сіңіре алсақ, нұр үстіне нұр болар еді» - деп білдірген ийренді мен бар.

«Таға – тұттық, тұяқ – тұлпарды, тұлпар – ерді, ер елді сақтайды!» дейді емес пе халықмыз.

Мусиф еңбек жолында қарапайым жұмысшыдан, бетоншы, шебер, бас инженер, темір жол станция бастығының орынбасары қызметтерін атқарып, білігі мен тәжірибесін шыңдау жолынан өткен.

Ол құрған «ЖО SERVICE» ЖШС Қызылорда өңірінің экономикалық серпінді дамуына, аймақтың әлеуетін арттыруға ықпал етіп келеді. Сонымен бірге жергілікті жердің экологиялық тазалығын сақтау, мұнай қалдықтарынан бұланған жер бедерін зиянды заттардан тазарту үшін жаңа технологияларды өндіріске ендірген азамат. Бұл кемеке мамандары бұлінген топырақ қабаттарын мұнай қалдықтарынан тазартып қана

қоймай, оларды жергілікті жердің инфрақұрылымына пайдалануға мүмкіндік алады. Сөйтіп, қасиетер мұнай қалдықтарын өңдеп, өңірмізді табиғи тұрғыдан жақсартуға үлес қосып отыр. Құрылғанына он жылдан астам уақыт болған компания 2012 жылдың қорытындысы бойынша жарналарын конкурсу нәтижесінде Республика Президентінің «Экологияға қосқан үлесі үшін» арнайы номинациясының иегері атануы және облыс әкімінің Құрмет Грамотасын алуы тегін болмаса керек. Мұның артында осы компанияның негізін қалаған Мусиф Жарылқасынұлының тәуекелшілдік пен білігіннің жоғарылығы, еңбегі, маңдай тер, талай ұйқысыз өткізген түндерінің жатқандығы анық.

Бір қарағанда оның өмір жолы өзгелерден айырмашылығы жоқ болып көрінеді. Десек те, Мусиф туа бітті қосбашы, ол жас күнінен өзіне не керек екенін біліп, алдына мақсат қою білген азамат. Қандай жұмысты бастаса да нәтижесін көру үшін жүресіңді. Өзінің кәсіби жолда өсуін жоспарлай алатын азамат екендігі де ақиқат. Өмірлік тәжірибесі де, білім мен парасаты да бір бойында жетерлік. Оның атқарып жүрген қызметтерінің өзі белсенділігін, қайраткерлігі мен қабілет-қарымын айғақтайды.

Өзбетте, осындай өнегелі өмір жолдарынан өткен Мусифтің отбасындағы, бала тәрбиесіндегі өзіндік ұстанатын қағидаттары да бар. Өөр Өотбасы қоғамның бір бөлігі. Адамның ең жоғарғы мақсаты де отбасында жетіледі.

Өмірдің мәні дүние де, байлық та емес, балаларының бақытты өмірін көруде деп білетін Мусиф жарды да сәтті тандаған. Сонау Ташкентте білім алып жүрген студенттік кезден таныс Шараның бір көрнернен жақсы жар бола алатындығын сезе білгендей. Ерлі зайыптылардың екеуі де ынтымақты тұрде отбасының берекесін сақтауға жауапты десек, нақ осы отбасынан жарасымды үйлесімділікті

көреміз. Шара отбасындағы азаматтардың атқарып жүрген жұмыстарының сәтті болуына бар күшін салып, жағдай жасап отырады.

Міне, өркенеті мен өнегесі көпке үлгі болып жүрген мерейлі отбасында асықтай екі ұл мен қызғалдақтай құлпырған қыз тәрбиеленді. Ұлын ұсына, қызын қысына қондырған ата-ана, қазір ата мен әже атанып та отырған жайы бар.

Жарылқасыновтар әулеті ата-бабаларының есімін ұлықтауды да естен шығарған емес. Жәрімбет бабаның ұрпақтары жиналып Байқоныс қаласынан мешіт ашты. Осы салтанатты кеште салт-дәстүрімізді жаңғырту мақсатында Мусиф ат байгесін берді. Бала күнінде әкесі Жарылқасынның небір асауларды бас білдіргенін көріп өскен Мусифтің де жылқы десе көңілі алабөтен. Жарылқасын әкесі беріге дейін көкпар шауып, қарулы жігіттерге жусіле бермеген. Сол әкелден берілген рух Мусифке де тән. Жылқыға қызығушылығының жоғарылығы соншалық, ол жылқы зауытын ашсам деген бала күнгі арманын есіз асыру үшін арнайы шаруа қожалығының жұмысын да жүргізіп отыр. Дәстүрлі жалпап жүрген азамат ат шаптырып, бөйге беріп, қазактың салтына деген жанажырлығын да көрсетіп жүр. Бұл екінші бірін қолынан келе бермейтін шаруа. Өөрін қазактың үйінде кемінде 4-5 жылқы болса деп армандайтын Мусиф Жарылқасынұлы үнемі жасылыққа қарай ұмтылады. Сондықтан да қоғамдық өмірге белсенді араласып, ел алдында сый-құрметке бөленіп, қазіргі жастарға өнеге болып келеді.

ӘРІПТЕС АСУЫ

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Адамзат ішіндегі ең жүрдек жандар – журналистер. Олардың бармайтын жері, шықпайтын шыңы жоқ. Журналистер – жүрек жырышсы әрі көреген халық. Аспандағы бүркіт жердегі жорғалаған құмырсқаны көрсе, журналистер жұрт жүрегінің лүпілін сезді де, жарыққа шығарып, жария етеді», – деген сөзі бар. Сол қауымның талантты өкілінің бірі Мейрамбек Шілдебаев. «Талантты» деп ерекшелеп айтуымыздың өзіндік себебі бар. Ол шығармашылықтың көгіне дарынымен, еңбегімен жетті.

ӨМІРДІҢ МӘНІ – ІЗДЕНІС

Мейрамбек Шілдебайұлы Сырдария ауданы Шаған ауылында 1958 жылы 1 мамырда дүниеге келді. Жастайынан ерекше зеректік байқаптан оқ, мектепшілікті шараларға белсене қатысқан оқушы болатын. Ерекшелігі сол, әр күні өзіне зор міндет белгілеп, сол орындағанша тыныш жатпайтын. Бұл қасиет оның өмірлік жолының қалыптасуына септігін тигізді. Өйткені таңдаған саласы да нақты дәлел, шынайы ақпараттың болғанын қалайды. Тек білім керек. Білімге қоша талант қажет. Осының бәрін жнып, алға ұмтыласыз, дегеніне жетесіз...

Ол әдебиетке, жазуға ерте жастан-ақ бейімделді. Оқу мен жазуға құмар бала-сының ерекше талаптануын байқаған анасы Сұлхуан оның мектеп бітірген соң шығармашылық жолын таңдауын қалапты. Ұлының жазушы немесе журналист болуын армандапты. «Аулы аңаның аңыл-көнесі өмірдегі жолымның айқындалуына көп септігін тигізді», – дейді Мейрамбек аға.

Бірде анасы шақырып алып, «Балам, сен бес жылдан кейін мектеп бітіресің. Одан кейін әскерге барып, содан соң астанамыздың ең беделді жоғары оқу орнында оқуың керек» дейді. Ол кезде ештеңені алаң қылмайтын ойын баласы болса да, шешесінің айтқан сөзі сөзі жалында жатталып, келешек жолын айқындауына негіз болды. Сөйтіп, мектеп жасынан-ақ, аудандық, облыстық басылмаларға тырнақалды шығармаларын шығара бастайды. Отан алдындағы міндетті әскери қызметін өтеп келгенің ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түседі. Осылайша болашақ журналистің даңғыт жолы басталады.

Әкесі Шілдебай Сәрсенбаев өз заманында қара танып, қолына қалам алып өлең жазған, сөз кәдірін білген жан болған екен. «Оның айтқан өкілемдерін тыңдай отырып, өмірінің мәні ізденіс жолынан тұратынына көз жеткізесің. Жүйені мейірім төгіліп, сөйлеген сөзінен, өмірге деген көзқарасынан адамдық қасиеттің небір өңіреді қырлары байқалып тұратын оның өмірдегі кредосы «Адал болу» философиясымен өріліп жататын еді», – дейді бір уақ еке бейнесін елестетіп. Екенден қалған «Адал болу – адамдық қасиеттің шыңы», деген есті сөз ағамыздың жадында мәңгілік жаңғырып қалғандай.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ ПАЙДАЛАНАДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушылар үшін көрсететін қызметтерінің жартысынан астамын электрондық форматқа ауыстырды. Қазір электрондық қызметтердің үлес салмағы Қордың жалпы қызметтерінің 52 пайызын құрап отыр. Осылайша отандастарымыз өздеріне қажетті негізгі қызметтерді үйден шықпай алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл оларға уақытты үнемдеуге көп ашты. Ал электрондық қызметтерді пайдалану бар болғаны бірер минутты ғана алады.

Осы ретте Қорда электрондық қызметтердің үлес салмағын 2021 жылға дейін 55 пайызға жеткізу жоспарланғанын айта кеткен жөн.

Еске сала кетсек, зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларын ыңғайлы да сапалы және заманауи қызмет көрсету мақсатында 2017 жылдың маусым айында Қордың епнр.kz сайты арқылы біркрат маңызды электрондық қызметтерді іске қосқан еді. Содан бері 2018 жылдың 1 сәуіріне қарай бұл қызметтерді 20 мыңға жуық адам пайдаланып үлгерді.

Атап айтқанда, 2298 салымшы Қор сайтының «Жеке кабинет» бөлімі арқылы (логин және құпия сөз (пароль) немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы беретін электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦК) көмегімен) онлайн тәртібінде жеке зейнетақы шотын ашса, 987 алушы (зейнет жаснаса толған азаматтар мен 1-ші және 2-ші топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар) зейнетақы төлемдерін тағайындау жөнінде өтініш берген. Ал 11754 адам жеке деректемелеріне өзгерістер енгізсе, 4155 салымшы зейнетақы шоты бойынша ақпарат алу тәсілін интернет байланысы арқылы алуға ауыстырған.

Зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты жылына бір рет конверт арқылы алатындар саны біртіндеп азайып келеді. Оның орнына электрондық тәсілмен алатындар саны артуда. Өйткені, өте ыңғайлы: шотқа зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыстың қалай түсіп

Әрбір баланың нұрлы болашағы ата-анасының тілегімен қалыптасары белгілі. Әкесі Шілдебайдан дарыған қасиеттер де аз емес. «Әкемнің бес сыныптық ғана білімі болса да, көзі ашық, көкірегі ояу адам еді» дейді.

Оның еңбек жолы Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газетінен басталады. Тіліші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметімен жалғасын табады. Жеті жыл бойы облыстық «Сыр бойы» газетінің Сырдария және Жалағаш аудандарында меншікті тілшісі болды. Осыдан он жыл бұрын қызмет бабымен



жүріп тікұшақ апатынан аман қалған ағамыз, зейнеткерлікке ерте шықты. Бірақ қолынан қаламы түскен жоқ, облыстық, аудандық газеттерге жазғандары жарияланып тұрады.

Тілшілік қызметпен тірлігін қамдаған Мейрамбек елдік, ұлттық, қоғамдық проблемалардан бастап, өмірдің түрлі салаларындағы сан алуан түйткілерге дейін жазды, адам жанының қыртыс-қатпарларына дейін үңілді. Оқирман сұрауына, қоғам ыңғайына орай қалам тербеді. Өз ісіне шынайы берілген шыныш жанның кейбір сын мақалалары қамшыдай осып жіберетіні де бар. Оның қаламынан шыққан уытты мақалалары мен әлеуметтік мәселені қозғаған дүниелері Сыр журналистикасының қазынасына айналды. Бұл жайында «Сын айта білу – әдеп, айтылған сынды қабылдай білу – мәдениет!», – дейді.

ҚазМУ-да оқып жүргенінде «темір декан» Темірбек Қожакеев оны адал мінезіне, кімнің де болса бетіне тіке айтатын дағдысына қарап жақсы көрген екен. Қазақ журналистикасын зерттеуші ғалым, көсемсөзші ұстаз Мейрамбектің қалам қайраткері атанатынына көміл сенген. Ұстанымынан айнымаған ағамыз өмірдің кедір-бұдырына қарамастан рухани байлыққа апарар өз соқпағын салып алды.

Белгілі ғалым әрі жазушы Бауыржан Омарұлы қазақ журналистері туралы жазған «11-ші қаламұш» атты кітабында курстасы Мейрамбек Шілдебайұлын да бейнелей кетеді. Оның «Қазақ университетінің журналистика факультетіне ондірісте бірнеше жыл жұмыс істеп келмесен түсе алмайтын кездер болды. Болашақ журналистердің сол екі ортада айналыспайтын кәсібі жоқ. Біреуі – шоппар, екіншісі – тоқарь, үшіншісі – күзетші, төртіншісі құрылысшы... Оқуға түскенше кімнің қандай жұмыс істегені еңбек кітапшасында жазулы тұрды. Ал мектептен кейін бірден оқуа ілінген сары ауыз балапандардың бар уақыты әскерден келгендердің «майдан хикаялары» мен өндірістен келгендердің «еңбектегі ерліктерінің» жай-жапсарын тыңдаумен келетін», делінеді.

ҚазМУ-ге түсуден бұрын Мейрамбек ағамыз құрылысшы болып та, әскерге барып та келеді. Дайындық курсын бір жыл оқып барып 23 жасында – сақа жігіт атанып оқуға түседі. Группасының староста-

сы, КПСС мүшесі. Сол «11-ші қаламұшта», Жыл сайын жатақханадан Мейрамбекке орын беріледі. Қыс түспей-ақ, студенттік кеңес төрағасымен шатақтасып, жатақханадан шығып кетеді. Ал Қожакеев көп ұзамай оған жатақханадан тағы бөлме ұсынады. Сөйтіп, кезекті бір оралып тұрған Мейрамбектің деканға: «Осы маған жатақханадан орын бермей-ақ қойыңыз деп сізге қанша рет айттым?! Тындамайсыз. Бәрібір шығып кетемін», – деп еркінсігені бар деп түйіндейді.



Жалпы Мәкеннің еркелейтін жөні бар, әкесінен 10 жасында айрылған, отбасындағы жеті баланың кенжесі. Мінезі темірдей қатал, жүрегі жұмсақ Темірбек Қожакеев біздің кейіпкердің бойынан болашағын таныса керек. «Темірбек ағамыздың сол кездегі тепкісін көрген студенттер талай шыңдарды бағындырды. Асылы, көп теперіш көрген адамның алысқа баратыны рас-ау!», – дейді кітап авторы.

Адалдықтың ақ жолы адамды тек жақсылыққа бастайтыны сөзсіз. Жаратылысынан кішіпейіл, мінезге бай, көңілі дарқан, адамгершілігі мол, жақсылыққа жылы құмар Мейрамбек Шілдебайұлы көрген-білгендерін, ойға түйгендерін жастарға үйретуден қайтпқпайды.

Бойына біткен тектілік пен қатар ақындығы бар ағамыз ұлттық әуендерге, халық әндеріне де құмрлығы басым. Бұл ол кісінің туып-өскен топырағынан дарыған қасиет болса керек. «Халық әндері ғасырлар бойы сұрыпталып, бүгінгі күнге дейін жеткен асыл қазынамыз ғой. Классикалық музыканы да жақсы көремін. Сүйіп тыңдаймын» дейді. Әдебиеттегі өзі ерекше құрметпен қарайтын Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Шыңғыс Айтматов шығармашылығын оқығаннан жаны рахат табады. Жастайынан ауылда еңбекпен шынығып өскен кейіпкеріміз спортпен де шұғылданыпты. Қазір де салауатты өмір салтын серік етіп келеді.

Отыз жылдан астам отасып, жарасымды өмір сүріп, өткен жылдары бақылық болған жан жары Роза Нұрадиңқызы екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде немере сүйіп отырған ардақты ата.

Ауялы әкесі мен анасының ұлағаты Мейрамбек Шілдебайұлының өмір айдынында өз жолын тауып, тұлға болып қалыптасуына мол әсер етті. Ағамыз алпыс дейтін мерейлі жасқа келді.

Белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіп, «Журналистің де, жазушының да қаруы – қалам. Қалам ұстаған адам бар дүниеге – алаң. Құдірет күшті Алла Тағала он сөгіз мың ғаламды жаратпас бұрын – ҚАЛАМ-ды жаратқан екен», – деген сөз бар. Осы рас. Бәрінің басында ҚОЗ болған!», – дейді.

Қаламыңыз қолдан түспесін, аға!

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

МЕМОРАНДУМ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚАРҚЫН АЛУДА

Электронды түрде көрсетілетін қызмет саны былтырғы жылдың осы кезеімен салыстырғанда 57 процентке артса, қағаз жүзіндегі көрсетілетін қызмет көлемі 35%-ке азайған. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абзал Мұхимов хабарлады.

– Облыстық экология, индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департаменттері 100%-ке, облыстық мемлекеттік кірістер департаменті 94%-ке қызметтерді электронды түрде көрсетуде. Шіелі ауданы әкімдігі электронды түрде көрсетілетін қызметтерге өз үлесін қосып отыр. Бұдан бөлек, мемлекеттік

қызметтерді бір жерден алу, қызметтерді трансформациялау бойынша жақсы нәтиже көрсетіп отырған Қызылорда қаласының және Сырдария ауданының әкімдіктерін атауға болады, – деді департамент басшысы.

Облыстағы 23 орталық және 25 жергілікті атқарушы орган 2018 жылдың 1 тоқсанында 389 (өткен жылдың осы кезеңінде 372) қызмет түрін көрсеткен.

Кезлесуде департамент басшысы Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда облыстағы электронды қызметті арттыруға үлес қосқан қызметкерлер марапатталды.

Жыын барысында департамент пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы облыс орталығындағы мекемелерде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілерге медициналық қызмет көрсету

мәселесі бойынша меморандумға қол қойды. Енді қаладағы барлық мемлекеттік қызметшілерге медициналық қызмет бірыңғай орталықта көрсетілетін болады. Меморандумға сәйкес, мемлекеттік қызметші мен олардың отбасы мүшелерінің медициналық кеңес алуы, емдеу шараларын пайдалануы, сондай-ақ, жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеруден өту қамтамасыз етілді.

Департамент басшысы А.Мұхимов қызметкерлер үшін бірыңғай медициналық қызмет көрсету орталықтарын ашу мәселесі еліміздің барлық аймақтарында қарастырылып жатқандығын атап өтті.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ЕЛ МҮДДЕСІНЕ АДАЛ ЕҢБЕК

Кез келген адам қолынан келер ісін алаңсыз жүргізіп еңбек етуі, сол арқылы өзіне де, елге де пайда келтіре алуы үшін жұмысын шексіз жақсы көруі тиіс.

Әділ қазылық ету – әр судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай біліп, жатқа айта білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би, адал, әділ болып, іс бойынша шешім қабылдағанда жігерлікті, батылдықты, табандылықты көрсете білуі керек.

Зейнулла Әлімжанұлы Нұрсейітов осындай құндылықтарды бекем ұстанған жан. Ол 1955 жылы Арал ауданында алысқа баратыны рас-ау!», – дейді кітап авторы. Одағында жұмысы болып бастаған. 1977 жылдың қараша айында Арал аудандық сотында сот отырысының хатшысы, 1984 жылы аудандық сот орындаушысы, 1985 жылы аудандық нотариалдық кеңесінде нотариус, 1987 жылы Қармақшы аудандық сотының судьясы, 1996 жылы Жалағаш аудандық сотының судьясы қызметтерін атқарған. 2008 жылдан бастап облыстық

соттың судьясы қызметін атқарып келеді.

Азамат басындағы абырой мен атақ, бедел мен бақ тұған еліне сіңірген адал еңбек арқылы келеді десек, бұл күнде алдыңғы буын легіне шыққан Зейнулла Нұрсейітовтің өнегелі өмірі, Отанға қызметі осының айқын дәлелі. Оның заң саласында үздіксіз, абыройлы еңбек етіп келе жатқанынан 30 жылдан астам уақыт бо-лыпты.

Сот жүйесінің дамуына қосқан үлесі үшін 2012 жылы ҚР Судьялар Одағы төрағасының Құрмет грамота-сымен, 2013 жылы облыс әкімінің Алғыс хатымен, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен, 2017 жылы «Үш би» құрмет белгісімен марапатталды. Ең алдымен заң, одан кейін өзінің ар-ожданын биік қою керектігін өзінен кейінгі



жас буындарға үйретіп отыратын Зейнулла Әлімжанұлы ұжымда білімді, мінезі ашық және қарапайымдылығымен сыйлы. Отбасында үш бала тәрбиелеп өсірді. Ұлы – өзінің ізін қуып, №2 қалалық сотқа қызмет атқарады. Ал қыздарының бірі – дәрігер, екіншісі – әлеуметтік салада.

Аңтақ алдыдағын сақтап, әділ шешім шығарып, халықтың сенімі мен құрметіне бөленуден асқан абырой жоқ. «Асыл азамат атқа мінсе де жерден алы-

стамайды, таққа мінсе де халықтан алыстамайды». Көнекөз қарияларымыз бұл тәмсілді Зейнулла Әлімжанұлы сияқты азаматқа арнағаны секілді.

Сәуле ОТЕГЕНОВА,
Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.

Бүгін қала тұрғындарын пәтер алып беремін деп сан соқтыратындар көбейген. Сотта қаралып жатқан істер қатарында осы бағытта қылмыстар саны артқан. Бұл жөнінде өңірлік коммуналдық қызметінде өткен брифингте қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов мәлім етті. Брифингте, сондай-ақ, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Берік Сәрсенбаев және қалалық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің бастығы Бауыржан Савлябевов қатысты.

АЛАЯҚ ӘЙЕЛДЕР КӨБЕЙГЕН

Сонғы кездері адамдардың сеніміне кіріп, кезексіз пәтер алып беруге сендіретін алаяқтар қатары артқан. Олар жолмен олжаға кенеліп жүрген бұлар адамдардың ақшасын алған соң із суытпалы.

Бұған дәлел сонғы уақыттары құқық қорғау орындарына осындай арыз-дыңнада өз жолын тауып, тұлға болып қалыптасуына мол әсер етті. Ағамыз алпыс дейтін мерейлі жасқа келді.

Белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіп, «Журналистің де, жазушының да қаруы – қалам. Қалам ұстаған адам бар дүниеге – алаң. Құдірет күшті Алла Тағала он сөгіз мың ғаламды жаратпас бұрын – ҚАЛАМ-ды жаратқан екен», – деген сөз бар. Осы рас. Бәрінің басында ҚОЗ болған!», – дейді.

Қаламыңыз қолдан түспесін, аға!

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

тықтың алдын алу үшін тек тиісті орын-дармен бірлесе жұмыс жасау керектігін ескертті. Сонда мұндай келенсіздікке жол берілмейді.

Жалпы, алаяқтыққа баратындар, әсіресе 25-35 жас аралығындағы әйел адамдар екен. Көпшілігінің мамандығы жөне тұрақты жұмысы жоқ. Олар алдымен өздерін білімді де салықшы адам ретінде көрсетуге тырысады. Кейін «тез қаржы таппасаң, дайын тұрған үйден айырылып қаласың!» деп асықтыру арқылы ойын іске асыратын көрінеді.

Бынығз жылдың үш айында Қызылор-да қаласының ішкі істер басқармасының тергеу саласына 162 алаяқтық қылмыстың іс тіркелгені. Бұл бойынша тиісті жұмыстар атқарылып. Тергеу бөлімінің бастығы Бауыржан Савлябевовтың айтуынша, тіркелген алаяқтық қылмыстың басым бөлігі кезексіз пәтер алып беруге, бан-

ктерден ірі көлемде несие алуға, жұмысқа орналасуға, жер, жүргізуші куәлігін алып беруге және диплом жасап беремін деген алаяқтың арбауына түсіп қалғандар. Со-нымен бірге әлеуметтік желі арқылы жаса-латын алаяқтық та көбейген. Мәселен, ин-тернеттен көрген керекті затқа қол жеткізу

үшін желінің арғы жағындағы жанмен байланыс орнатасыз. Желіде жарияланған суретке қарап, тапсырыс бересіз. Ал ақшасын кез келген сауда орындарында орналасқан терминал арқылы төлейсіз. Бірақ біршама уақыт өткеннен кейін тауар да, ақша да жоқ екеніне көзіңіз жетеді. Де-мек, сіз алаяққа алданып қалдыңыз. Міне, осылай қаншама адамдар алаяқтың оңай алдауына түседі.

Ескеретін жайт, адамдар алданып қалғандарын дер кезінде құзырлы орындарға барып, шағымданабйды екен. Көпшілігі біраз уақыт өткізіп алады. Егер сіз де осындай іске куәлік пайда болса, сол мезетте құқық саласының мамандарының көмегіне жүгінгеніңіз дұрыс.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

І.Қабылов атындағы №12 орта мектепте өзін-өзі тану педа-гогтары мен әдіскерлер, пән мұғалімдері және білім беру ұйымдары өкілдерінің қатысуымен “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа бағыттары” тақырыбында республикалық әдістемелік семи-нар өтті.

“ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ”: АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Мақсат – бағдарламаны тұтас педа-гогикалық үдеріске интеграциялау бой-ынша педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.

Бүгінде жаһандық жанарулар мен заманауи өзгерістер жаңа инновациялық білім беру кеңістігін құра отырып, жеке ұрпақты адами құндылықтар негізінде тәрбиелеуді талап етуде. Бұл оқыту үдерісінде жеткіншектердің өзін-өзі тануы мен дамуына, өзін-өзі басқаруына, әрбір тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйретеді. Ұлттық сананы жаңғыртуда бағдарламаның өзектілігін атап өткен “Бөбек” ҰҒПБЕСО АУДИ бас ғылыми қосметкері Аршағұл Рысбаева бұл арқылы жеке тұлғаның өмірдегі ор-нын түсінуге мүмкіндік берілетінін педагогтарға жетік түсіндірді.

– “Өзін-өзі тану” рухани-адамгер-шілік білім беру бағдарламасы адамның өзін-өзі жетілдіруіне, алға ұмтылуына, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуға

баулиды. Сондай-ақ, қоғаммен тығыз байланыс орнатуды көздейді. Сондықтан дамыған жайындау заманында әрбір адам өзін сол ортаға сай дайындап, сол өмірге сай бейімдеу керек. Ал, ол үшін ең бірінші сананы өзгерту қажет, – дейді А.Қылышбекқызы.

Мұнан өзге семинарда бағдарла-маны жүзеге асыруда мұғалімдердің құзыреттілігі сөз етілді. Сонымен бірге жаңартылған жасамдыдағы білім беру аясындағы “Өзін-өзі тану” пәнінің оқықтары мен сабақ өткізудің және талдаудың әдістемелік ерекшеліктері талқыланды. Жыын соңында сұрақтар қойылып, ұстаздардың ұсыныстары қабылданды.

Айта кету керек, облыс бойынша пилоттық жобаға №30, №198, №173 мектеп пен М.Мометова атындағы гуманитарлық колледж енген.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

БАЯНДЫ БАСТАМА

Қызылорда қаласындағы С.Әлжіков атындағы №144 мектептің 8 сынып оқушылары арасында «Мақсат қою және оны жүзеге асыру жолдары» тақырыбында тренинг болды.

Мектептің педагог-психологы Бақытгүл Сейітханова ойын түріндегі мұндай сабақтардың жыл бойы жалғасатынын жеткізді. Тренинг барысында балабақ мақсат қоя білу, оған жету жолдары туралы ойларын білдірді. Айта кетейік, сабақ «Табысқа жететін төлқұжат» бағдарламасы аясында өткізіліп отыр.

Бағдарламаны «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру, суицидтің алдын алу» тақырыбы бойынша «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен «Bilim Foundation» қоғамдық қоры жүргізіп келеді. Бұған дейін бастама Атырау облысының мектептерінде сынақтан өтті. Бүгінде Қызылорда қаласы мен облыстың барлық ауданындағы 25 мектепте жалғасын жатыр.

– Әлем бойынша үздік бағдарламаларды іріктеп отырып, «Табысқа жететін төлқұжат» тақырыбын таңдап алдық. Сабақтарды ойын түрінде өткізу өте тиімді. Бұл өмірлік дағды, психологиялық және салауатты денсаулық қалыптастыруға ақпал етеді. Балалардың қалыптан тыс жағдайларда өздерін ұстауына, сыртқы ортаның сан түрлі жағдайларына қарсы тұра білуіне көмектеседі, – дейді қор президенті Ерлан Айтмұхамбетов.

Бұл – қор бағдарламасының аймақтағы екінші кезеңі. Бірінші жоба балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салу жағдайларының алдын алуға бағытталды. Нәтижесінде бір жылда қайғылы көрсеткіш 78%-ке азайды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Жаппарберген АЙБОТА.

Келесі күні Бұқара қаласының тарихи орындарын аралап, Сыр өңірінің көптеген діни-ағартушылары мен шайырлары білім алған Көкіташ, Мір-Арап медреселеріне бардық. Мір-Арапта әлі шоқирттыр оқытылады екен де, киелі Көкіташ бүгінде туристер тамашалайтын нысанға айналды.

Одан кейін тек Өзбекстанның ғана емес, бүкіл түркі әлемінің сәулетті қалаларының бірінен саналатын Самарқанға табан тіредік. Самарқанды әуелі түркі халықтарының патшаларының бірі Афрасиаб (казакша-Алып Ер Тұңға) салдырыпты деген аңыз да, дерек те бар. Ертесіне қаланың ескі көшелерінде сонау көне заманның куәгерлеріндей менмұңдалап тұрған мәдениет ескерткіштерін көріп шықтық. Басты ойымыз тезірек Регистанды көру. Самарқан шаһарының сәулетін сол атақты алаңсыз елестету мүмкін еместей көрінді бізге. Көп кешікпей даңқты қолбасшы Сейітқұлұлы Жалаңтөс (1576-1656) бабамыз салдырған Регистан алаңындағы Тілла қари мен Шир-дор медреселеріне де жеттік. Алаңның бір жағына Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің медресесі орналасқан. Бой көтергеніне 5 ғасырдай болса да, бұл медреселер күні кеше ғана тұрғызылғандай көздің жауын алады. Ғимараттарды көрген адам «Тұранның шерісі» атанған Жалаңгөстей бабамыздың қолбасшылық құдіретімен қатар, оның талғампаздығына таң қалары анық. Ортағасырлық түркілердің сәулет өнерінің жәдігеріне айналған Регистанға Еуропадан, Қыр Шығыстан, қысқасы әлемнің түкіпр-түкіпірінен қнаспсыз турист ағылып келіп жатыр. Сырт қарасаңыз, бөрінің де көкке ұмтылған көк түркінің ұрпақтары тұрғызған осынау керемет келбетті, қайталанбас өрнекті алып құрылыстарға тамсана қарайтынын байқайсыз. Иә, көзге бір көрінесе, көңілден кетпес аспанмен таласқан еңселі ғимараттарды Жалаңтөс бабамыз өз есімінің өшпеуі үшін емес, қазақтың рухы жасымасын деген оймен тұрғызғаны анық.

Өзінен кейін осыншалық өшпес мұра қалдыру тек Жалаңтос бабадай нағыз пәсионар, қайталанбас тауғалдардың ғана қолынан келетін болар...


Баһадүр туралы тарихи деректер А.Вамбери, А.Хорошхин, Брокгауз бен Ефрон, Г.Ильин, А.Левшин, В.Бартольд, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, К.Жұмалиев, М.Тынышбаев, М.Массон, Г.Пугаченкова, П.Иванов, М.Қозыбаев, Ә.Көкілбай, Қ.Салғараұлы, Х.Мұхамбетжанов, М.Күлмұхамед сияқты көрнекті ғалымдар, жазушылар мен қоғам қайраткерінің шығармаларында кездеседі. Ал енді медреселердің құрылысына қатысты деректер бабамыздың өмірі мен қызметін зерттеуге 40 жылдай саналы ғұмырын арнаған марқұм Жұбатқан Мұратбаевтың «Тұран баһадүрі», «Айыр тили, әдил үңлі адамлар» (қарақалпақ тілінде жазылған-Н.М.) кітаптарында нақты келтірілген. Мәселен, ол: «Өзі Нұрта өңірінің билеушісі болып тұрған кезінде Регистан алаңында Ұлықбек медресесінің қарсы алдынан жұптастырып 1620 жылы құрылысын бастатқан Шир-дор (Арыстан қақпа) медресесінің құрылысын тездетті... Самарқанның бас алаңы Регистанның тұтас көркем көрінісін толықтыру мақсатында 1646 жылы «Тілла қари»

(атымен атпалған) медресесінің құрылысын бастайды... Күмбезді сәулет өнерінің тұтастық негізі ғарышқа бой созып, бір Аллаға табыну, сыйынуды білдіреді. Жалаңтөс аталық көзінің тірісінде «Тілла қари» медресесін біткізуге бар мүмкіндігін жұмсап, күніне 2 рет медресенің алдындағы шайханада отырып, жұмыстың барысын бақылайтын еді» дейді. Шир-дорлы аталық өз қаражатына 3000 жалшы жұмсап, 1636 жылы салып бітіреді. Алайда, екінші медресенің құрылысын бітіре алмай 1656 жылдың күзінде өзі әмірлік еткен Самарқанда дүниеден озды. Жалаңтөс баһадүр қайтыс болғаннан кейін Самарқан уәлаятының билігі так мұрагері алшын Бекқұлы

Сайд Ахрардың куәлігінде рұқсатнама жазып бергені, – дейді.

Имам Сайд Ахрар кожа рұқсатнама жазып, Хашими кожаның мөріп басып, қутыға салып Жалаңтөс аталыққа береді. Ол қутыны зайыбы Жідегүлге (жалайырдың батыр қызы-Н.М.) беріп, «мен өлгеннен кейін осы қутыны ашып, ішіндегі анықтамада көрсетілген жер бесікке бәлеулі, жаназа намазына келгендерге естіріп, кейін қутыны өзіммен бірге көкірегімнің үстіне қойып көміндер» деп тапсырады».

Ж.Мұратбаевтың деректерінде келтірілген бұл тапсырманың сыры арада 2 жыл өткен соң Баһадүр бабамыздың жаназасы үстінде және одан 10 жыл кейін де белгілі болады.



іргесіндегі Дағбит ауылында жерленген Баһадүрдің бейітін ашайы. Бейітті ашуға қатысқан дінбасылар аталықтың көкірек тұсына қойылған қутыны ашып оқиды. Онда «бұл кабірдің оры пірі Хашими кожаның көзі тірісінде ризашылығымен берген жері, Уакым мүлкі еді» деген сөзді оқып көргесін ешбір себепсіз Жалаңтөс баһадүрдің бейітін ашып, тыныштығын бұзғандары үшін Алладан кешірім сұрап, аталықтың рухына бағыштап құран оқып, бабаны қайта орынына жерлеген екен.

Сапар барысында Баһадүр бабамыздың рухы мәңгі байыз тапқан Дағбитте болдык. Қасымызға сол жақтан ерген жолбасташымыз руы рамадан Зұлхұар дамоллаға құран оқытып,

орын алып, тіпті хан билігінен де асып отырғаны белгілі. «Тура биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» деген сонау гүн және сак заманынан келе жатқан қасиетті қағиданы берік ұстанған олардың өмірлік тәжірибелері мен рухани мұралары жаһандану дәуірі қаншама дүрілдесе де ұлт санасынан өшпей, талайға үлгі-өнеге болары анық. Соған сенуге тиіспіз.

Сапар барысында көрші елде жатқан дара тұлғаларымыздың даналығына тағы да тәңгі болып, олар қалдырған өшпес мұраларды көріп және бірнеше шығыс сәулет өнерінің нұсқаларын туган жерде жанғыртуға болатынын көңілге түйіп оралдық. Шығыстық сәулет үлгілерінің кейбір нақыштары

КӨРШІ ЕЛДЕГІ КӨНЕНІҢ КӨЗІ



бидің қолына көшеді. 1646 жылы құрылысы басталған «Тілла қариды» Бекқұлы би 1660 жылы бітіртеді. Сол жылдың жаз айында осы медресенің ашылу салтанатына орай өткізілген аста жергілікті билікқұмарлар Бекқұлы бие у беріп өлтіреді.

Осы ретте бірқатар дереккөздерінде Байжақыұлы Әбділкерім деген лақап атымен белгілі Жалаңтөс баһадүрдің өліміне қатысты мына оқиғаны айта кеткен орынды болар. Себебі, бұл да өлгеннен кейінгісін болжай білген нағыз көрегендіктің куәсіндей жайт. Осы оқиға жайында Ж.Мұратбаевтың еңбектерінде былай делінеді: «1654 жылы Самарқанның іргесіндегі Дағбит ауылының әзіреті Сайд Ахрар имамды ертіп келіп, төсек тартып жатқан Хашими кожаның көңілін сұрап, ыразаласды.

– Аса қалірілі кожа баба, мен де сіздің жолыңызбен Алланың аманатын өзіне қайтарып, ол дүниеге аттанып арауққа айналуда дайындалып жүрмін. Сол мәуірітте пони дүниеден баки дүниеге аттаған босағам сіздің бабаның Мақтым ағамның қасынан бұйырып, сізбенен қатар осы киелі қойымшылықта жатсам деген арманым бар, осыған әзіретіміз

Қасиетті бабаны қайда жерлейміз деген мәселенің ақыры дауға айналады. Торқарқа ағайындар «сүйек білдікі. Бабасы Ораз, әкесі Сейітқұл қажының қасына Нұрта әулиесіне жерлейміз» десе, екіншілері «ата-бабамыздың байғыры құт мекені Сырта апарып, Ақмешіт әулиенің қасына қоямыз» деп таласалы. Дау ұшығып бара жатқан тұста Жідегүл анамыз әлгі қутыны қайынағасы Ақша билің қолына ұстатады. Көпшіліктің көзініше қутыны ашып, ішіндегі анықтамада жазылғандарды оқып береді. Келесі күні барша халық Жалаңтөс баһадүрді өз жаздырып қалдырған өсиеті бойынша Мақтым ағамның қасына жерлеп, ың-шыңсыз тарасыпты. Аңыз да, тарихи деректер де осылай бір-бірін растайды. Ал көк қутының екінші сыры арада 10 жыл өткенде және ашылады дегеніміздің мәнісі мынада. Баһадүрдің тақ мұрагері Бекқұлының өлтіріп, Самарқанның билігін қолдарына алған парсы тілдес алпауыттар Жалаңтөстің аруағы қолдап, қандастарына рух беріп Алшындардың билігі қайта орнайды деп қауіптеніп, оның денесін Сыр бойына көшіріп жерлеу туралы шешімге келеді. 1660 жылы Самарқанның

дұға бағыштадық. Дағбит дегеніміз парсыдан аударғанда «он түп шынар» деген мағына береді екен. Бабамыз о дүниеге дайындала жүріп осы жерді сатып алғанда 10 түп шынар ағашы тұрғанға ұқсайды. Қазір көнеден қалған сол шынардың екеуі әлі өсіп тұрғанын көріп, бабамыздың көрегендігі мен табиғаттың құдіретіне таң қалдық. Қайтар жолда Тәшкен арқылы жүріп, Төле би бабамыздың кесенесіне барып дұға оқыдық. Қазақтың сүттей ұрынына айрықша еңбек сіңірген алып тұлғалы атамыз өзі 12 жылға жуық әмірлік еткен Тәшкеннің төрінде жатыр. Бабамыздың кесенесінің алдында ұстазы Шейхан-тарудың (дұрысы Антаур шейх-Н.М.) мазары орналасыпты. Расында, Антаур шейх Төле биден 4 ғасыр бұрын өмір сүрген екен. Бір күні бидің түсіне еніп, аян беріпті. Содан кейін Төле бабамыз шейхты өзіне өмірлік ұстаз, пір санап өткен. Дүниеден озғасын да өз ұстазының жанына жатқанды қаласа керек.

Ұлы Дала заңдарын темірқазық етіп алған қазақ билері өз ар-ожданын кіршіксіз таза сақтағандары арқасында қоғамда ерекше беделге ие болған. Олардың билігі қоғамда маңызды

сол жағалауда салынып жатқан ғимараттардың бірінде және аймақ басшысының бастамасымен қайтадан еңесініп тіктеп келе жатқан алғашқы астанамыз – Сығанақта жасалатын «Визит-Орталықтың» құрылысының бірінен орын табар деген үмітіміз де жоқ емес. Сонымен қатар, Тәшкенде жанадан ашылған Ә.Навои атындағы халықаралық ТІЛ және әдебиет университетінің басшылығымен алла-ғы күзде «Навои және Абай: гуманистік идеялардың сабақтастығы» тақырыбында Қызылордада халықаралық конференция шақырулы келістік. Бұл біздің ортақ мұраларды бірлесе ігеруімізге мол мүмкіндіктер туғызатын және биылғы «Өзбекстанның Қазақстандағы жылы» аясында атқар-ған халықаралық деңгейдегі маңызды ғылыми басқосуымыз да болар еді.

Н.МЫҢЖАС,
аймақтық «Рухани жаңғыру
орталығының» басшысы.
Қызылорда-Бұқара-Самарқан-Тәшкен-Қызылорда.

ҚЫЗЫЛОРДА – 200

АҚМЕШІТ-ПЕРОВСК-ҚЫЗЫЛОРДА

«Қызыл паровозбен» келген көш

Ресей Орталық атқару комитеті мен халық Кеңесі комиссариатының 1920 жылғы 26 тамыздағы декретімен Қырғыз (Қазақ) Автономиясы Советтік Социалистік республикасы құрылды. 4-12 қазианда Советтердің Бүкілқырғыз (Қазақ) Автономиялы республикасының құрылтай съезі болып, онда РСФСР құрамында КАССР құрылғанын бекітті. Орынбор астана болған жылдары онда Кеңестердің 4 съезі өтті. Соңғы съезд 1924 жылдың 4-10 қаңтар аралығында болып, Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуді тездету туралы мәселе қаралды. 1925 жылы Түркістан АКСР-нің құрамында болып келген Сырдария және Жетісу облыстары, сондай-ақ Карақалпақ автономиялық облысы Қазақ Автономиялық республикасы құрамына енді. Сөйтіп ел астанасын алыстағы Орынбор қаласынан қазақтың қалың ортасына көшіру мәселесі көтерілді. Бір жағынан Орынбор мен оған қарасты губерния халқының басым көпшілігі орыстар болатын.

1924 жылдың қыркүйегінде өткен Қазақком сессиясы ел астанасын Ташкентке ауыстыру, оған рұқсат етілмеген жағдайда Шымкентке көшіру жайында қаулы алған еді. Алайда, Мәскеудің араласуымен республика астанасы Ақмешітке ауыстырылады деп шешілді. Осылайша 1925 жылдың 9 ақпанында Қазақ АКСР ОАҚ төралқасы О.Исаевтың баямдасы бойынша мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарды. Орынбор шаһары мен губерниясы Ресей Федерациясы құрамына берілді.

Мемлекеттік комиссия астана ретінде Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Әулиеата, Ақмешіт қалаларын атады. Бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында республика аста-насына кандидат қаланың арасында

Ташкент те бар еді.

Тарихи деректерден «осыныша таңдаудың ішінен Ақмешіттің алға озғуының сыры, артықшылығы несе?» деген сауалдарға жауап іздеп көр-дік. Біріншіден, мұнда Орынборға қарағанда қазақтар көп тұрады. «Орынбор-Ташкент» теміржолы респу-бликаның жаңа астанасын Ресей орталығымен, Қазақстанның батыс, оңтүс-ке аудандарымен және Орта Азия республикаларымен байланыстырады. Қала суармалы егістің орталығына орналасқан. Оған қоса алыстағы Орынбормен қарым-қатынас жасаудың қиындығы келеіп істерге келергі келтіретін еді. Бұл дәлелдер астананы Ақмешітке көшіру процесін тездетті.

Сұлтанбек Қожанов астананы Орынбордан қазақтың қалың ортасына көшіруді қызу қолдады. «Мемлекет



астанасының жұртшылығына сүйеніп, істемесе, бас хукіметтің ісі оңбайды» деп жазды. Баспасөз бетінде, яғни «Ақжол» газетінде «Кешіктірмей келісу керек» (1924ж.), «Ке жүзінде орындау керек» (1924ж.), «Қазақтың кіндігі қай қала болсын» (1925ж.), т.б. мақалалар жарияланды. Тағы бір мақаласында «Қазақстан астанасы орныстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың кніз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекет-шілдігіне әлемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшіей,

қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігін қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» деп жазды.

1925 жылдың ақпанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті (ҚазОИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдады, ал 6 сәуірде Орынбор губерниясы Қазақ автономиясы құрамынан шығарылды.

Перовск станциясы теміржол жұмысшылары Қазақстан өкіметін Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде «Қызыл паровозды» жөндеуден өткізіп, Орынборға жіберді. Қырғыз (Қазақ) АССР Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар поезд Орынбордан республиканың жаңа астанасы, Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды.

Осы жерде Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінен» үзінді келтірейік. «Өміре сияқты әншіге, Иса сияқты ақыңға, Қажымұқан сияқты балуанға серік болғандықтан Орынбор мен Ақмешіттің арасындағы көзді талды-ратын шетсіз-шексіз шөл даладан, бұйра құмдардан қалай өтіп, Ақмешітке қалай таянғанымызды анғармай да қалыппыз.

Қалың жұрттың арасын осылайша қақ жарған поезд Ақмешіт станциясына келіп тоқтады. Ол арада да ошарылған халықта қисап жоқ екен. Орынбордағы милиция мектебінің курсанттары бар, республикалық және жергілікті милиция қызметкерлері бар – бәрі жиналып, үкімет адамдарының вокзалдан әрі өтуіне жолды әрен ашты. Аржақ – бақшалы кең алаң екен. Осы алаңға биік жасаған мінбердің үстінде митинг партия комитетінің секретары, бізге белгілі – Әбілхайыр Досов. Ақмешіт вокзалының ішкі алаңында Әбілхайыр Досов басқарған митингте көп адам сөйледі. Олардың басым көпшілігінің көп екені есімде жоқ. Есімде ең берік қалған шешеннің біреуі: арық, ұзын, денелі, мұрны қонқиған, көздері кінпірек қоныр өңді бала жігіт. Ол пионерлер атынан сөйледі. Кейін білсем, белгілі ақындарымыздың бірі – Әбділда Тәжібаев екен.

Сөзге келген делегаттарға арнал-ған айналасы биік кірпіш қорғанмен қоршалған, оның ішіндегі бірталай үй құйілрген кірпіштен салынып, шатырлары қаңылтырмен жабылған жайлар екен. Бұл үйлер жуық араға дейін жылдыхана болған. Қазақстан үкіметі орыағнда мекемелері жай-ғасауға осыдан қолайлы үй қалада болмағандықтан, жылдыхана Ақме-шіттен қырық километр жердегі «Аламесек» аталатын бір орынға көшірілген. Делегаттар осы үйлерге сыйғанынша жайғасты».

Бұл қазақ халқының тарихы мен тағдырындағы аса маңызды сөзді қарсаңындағы Ақмешіттегі қарбалас сәт еді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Қазалы ауданы,
Ғ.Мұратбаев
ауылының тұрғыны,
ардақты ағамыз
Төлегенов Күнділла
Төлегенұлына!*



Сізді 5 мамырда 63 жасқа толатын мерей-лі күнінізбен құттық-таймыз! Жүрегіңіз қалаған кәсіптің көк-жиегіне қол артып, ұс-таздық еңбек жолы-ңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрме-тіне бөлендіңіз. Жасыңызға жас қосылып, шаңы-рағыңыздан шаттық арылмай, жетеміз Маруамен бірге немерелеріңіздің бал құлкісіне бөленіп, шат-шадиман ғұмыр кешуіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Қол ұстасып бақыттың кемесінде, Жеттіңіз 63-тің белесіне. Ардақты жеңгемізбен екеуіңіз, Мәуелі шаңыраққа егесіздер. Қашанда өзіңізбен мақтанамыз, Шуақты мейірімнінен бақ табамыз. Ортамызда аман боң, жүз жасаңыз, деп ізгі тілектерді ақтарамыз.

Ізгі тілекпен, Төлегеновтер әулеті.



БЕЛДЕСКЕННІҢ БАРЫСЫ, АЛЫСҚАННЫҢ АРЛАНЫ АТАҢҒАНДАР



Қызылорда қаласындағы «Евра-зия» спорт кешенінде қазақ күресінен облыстық «Алтын белбеу» сайысының ақтық кезеңі мәресіне жетті.

Биыл 9-шы мәрте ұйымдастырылған айтулы бәсеке Астана қаласының 20 жылдығы, Қызылорда қала-сының 200 жылдығы аясында өткізілді.

Боз кілемдегі балуандар үш кезең бойынша төрт жас деңгейінде сынга түсті. Наурыз-сәуір айларында әр ауылдық аймақтарда өткізілген 1-ші кезеңде 6839 спортшы, аудандық, қалалық деңгейдегі 2-ші кезеңде 1511 спортшы бақ сынасса, үшінші кезең – облыстық ақтық сайыста 250 балуан белдесті. Үш кезең бойынша барлығына 8600 спортшы сынга түсті.

Түйе палуан сайысына қатысқан 15 спортшы арасынан жауырыны жерге тимеген аралдық Нұрым Сәлімгереев «Сыр Барысы» атанып, оған «Алтын белбеу» белдігі мен 1 млн 170 мың теңгенің серти-фикаты табысталды.

«Сыр Арпаны» атанған қызылордалық Мақсат Исакабыловқа 630 мың теңгенің сертификаты берілді, ал, қызылордалық Жасұлан Досымов «Сыр сұңқары» атанып, 360 мың теңгенің сертификатын алды.

Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және ұлттық бірегейлікті сақтау мақса-тында «Салауатты ұрпақ» кіші жобасы бойынша жарыста егілгілімен көзге түскен біртұрақ балуандар аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының диплом-дарымен марапатталды.

Үстіміздегі жылдың ішінде айында Астана қаласында ҚР Президенті жұлдесі үшін өтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне Қызылорда облысынан Н.Сәлімгереев пен М.Исақа-былов облыс намысын қорғайтын болады.

Р.ДҮЙСЕНУЛЫ.

БАҒБАН ҚАЖЕТ

Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесінде орналасқан мекемеге сәуір-қазан аралығында маусымдық жұмысқа гүл өсіріуші, ағаштарды күтіп-баптаушы бағбан қажет. Жалақысы – 45000 теңге. Байланыс тел.: 8 777 451 91 05.



САТЫЛАДЫ

Қой қырқыс машинкасы МСV-200, қосалқы бөлшектер (пышақ, тарақ, қайрақ ТА-1, преобразователь (ток беретін) ПНЧФ), агрегат 1-200 сатылады. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Д.Алисов көшесі 70. Байланыс тел.: 27-17-52, 8 775 846 48 80, 8 747 603 68 74.

Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**

Меншік иесі	БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ	Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет.	Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ	Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.		Таралымы 30365 Тапсырыс №675
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".					
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz					